

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2016 жылғы 9 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Н.З.НЫҒМАТУЛИН жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Доброе утро, уважаемые коллеги! Прошу всех вас пройти процедуру регистрации. Тіркеу режимі қосылсын.

Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар, сол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібі бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, бүгінгі Мәжілістің отырысына Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев және Үкімет мүшелері қатысып отыр.

Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшеміз.

Бірінші мәселе - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Сергей Александрович Дьяченконың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы. Осы мәселе бойынша сөз Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Құрметті Төраға! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 5-тармағына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңы 24-бабының 3 және 8-тармақтарына сәйкес және Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, қоғам қайраткері Сергей Александрович Дьяченконың қайтыс болуына байланысты оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені шешу үшін сіздерге ұсыным енгізіп отыр.

ТӨРАҒА. Ләззат Жаңылысқызы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті депутаттар, біз осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы депутат Иксанова Гүлнар Мұстахымқызына беріледі.

ИКСАНОВА Г.М. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! Проект Закона Республики Казахстан "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам рекламы" направлен на систематизацию государственного управления рекламной деятельностью и определение уполномоченного органа.

Законопроектом регламентируется порядок размещения наружной визуальной и социальной рекламы, а также предусматривается усиление ответственности за его нарушение.

Изменения и дополнения вносятся в 14 законодательных актов, в том числе в пять кодексов и девять законов.

Комитет готов принять законопроект в работу и подготовить по нему заключение в срок до 21 июня 2017 года. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қарсылық жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Келесі сұрақ - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Иксанова Гүлнар Мұстахымқызына беріледі.

ИКСАНОВА Г.М. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! Проект Закона Республики Казахстан "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам физической культуры и спорта" предусматривает изменение действующей системы финансирования физической культуры и спорта.

Изменения и дополнения вносятся в два законодательных акта - один кодекс и один закон.

Комитет также готов взять законопроект в работу и подготовить по нему заключение в срок до 14 апреля 2017 года. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды. Бұл заң жобасы жұмысқа алынды.

Келесі мәселе - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы депутат Әшімбаев Мәулен Сағатханұлына беріледі.

ӘШІМБАЕВ М.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Осы заң жобасының негізгі мақсаты мемлекеттік қызмет саласындағы конкурстық рәсімдерді жетілдіру, сонымен қатар құқық қорғау қызметіне үміткерлер үшін тест тапсыру тәртібін енгізу арқылы мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, келесі мәселе - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 8 қазандағы №577 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 2016 жылғы 10 қазанда енгізілген заң жобасы бойынша жұмыс атқарылды.

Заң жобасы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында 26 қазан күні бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасы бойынша таныстырылым рәсімі және жұмыс тобының он бір отырысы өткізілді.

Жұмыс тобына саяси бірлестіктер мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, қауымдастықтар өкілдері қатысып, белсенді атсалысты.

Заң жобасының бірқатар нормалары қызу талқылаудан өтті.

Салыстырма кесте қабылданған 105 түзетуден тұрады.

Депутаттар мен комитеттер ұсынған бірқатар түзетулер Үкімет қорытындысын талап етуіне байланысты Үкіметке жіберіліп, негізгі деген түзетулер Үкімет тарапынан қолдау тапты. Олар мынаған қатысты:

- 2014-2015 жылдары доллар бағамының өзгеруіне байланысты салық салу мақсатында коммерциялық емес ұйымдардың теңгенің шетел валютасына қатысты айырбас бағамын түзетуге орай, оң баға айырмасы сомасының асып кетуіне байланысты туындаған табысын табыс ретінде қарамау;

- емдеу және сауықтыру мекемелеріне жерасты суларын пайдаланған үшін пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерін азайту;

- лизингілік компаниялар сыйақы бойынша пайыздық мөлшерді өсірмеу мақсатында корпоративті табыс салығы бойынша жеңілдіктерді сақтау жөніндегі түзетулер;

- салыққа салық есептеуді болғызбау мақсатында мемлекет атынан алушыға жер қойнауын пайдаланған үшін салық міндетінен босатуға қатысты түзетулер.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері оң қорытындысын берді.

Осы айтылғандардың негізінде Қаржы және бюджет комитеті "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Аманжан Мәкәрімұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитет заң жобасы тұтастай мақұлданды деген ұсыныс жасап отыр. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөніндегі ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Заң жобасы тұтастай мақұлданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. "Қатысып отырғандар" - 102, "жақтағандар" - 99, "қалыс қалғандар" - 3. Қаулы қабылданды.

Келесі сұрақ - "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017-2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуандық Уәлиханұлы Бишімбаев мырзаға беріледі.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017-2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" Заңының жобасы енгізіліп отыр.

2017-2019 жылдарға арналған Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшері белгіленіп тіркелген 8 миллиард АҚШ доллары мөлшерін және АҚШ долларының 360 теңгемен есептелу бағамын негізге ала отырып, жыл сайын 2 триллион 880 миллиард теңге сомасында айқындалды.

2017-2019 жылдарға белгіленген кепілдендірілген трансферттің мөлшерлері Ұлттық қордағы қаражаттың тиісті қаржы жылының соңына ЖІӨ-нің 30 пайыз мөлшерінде төмендемейтін қалдық бойынша шарттың орындалуын қамтамасыз етеді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Сөз депутат Құрманова Айзада Амангелдіқызына беріледі.

ҚҰРМАНОВА А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Бұл заң жобасының қажеттілігі баршаға анық, толық қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Мен Ұлттық Банк Төрағасынан кейбір тұстарды нақтылағым келеді.

Президенттің Жарлығына сәйкес Ұлттық қордың активтерін басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Осыған орай менің қояр сұрақтарым бар.

Ұлттық қордың активтерін басқару тиімділігін тексеруді кімдер жүргізеді? Және де активтерді сақтауды әрі инвестициялық кірістерді алуды қамтамасыз ету қажеттіліктерін негізге алсақ, бүгінгі күні Ұлттық қордың басқару тиімділігі аудиторлық тексеру қалай бағалады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Данияр Талғатұлы Ақышевтің микрофоны қосылсын.

АҚЫШЕВ Д.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Во-первых, что касается управления активами Национального фонда. Я хотел бы пояснить, что владельцем активов является Правительство Республики Казахстан, Национальный Банк является управляющим этими активами. Соответственно, вопросы проведения аудиторской проверки, вопросы предоставления соответствующей отчетности относятся к ведению Министерства финансов Республики Казахстан. Национальный Банк всю необходимую информацию предоставляет Министерству финансов на ежеквартальной основе.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Звольскому Сергею Адамовичу. Пожалуйста.

ЗВОЛЬСКИЙ С.А. Уважаемый Куандык Валиханович! У меня к Вам несколько уточняющих вопросов.

За основу формирования бюджета взят базовый сценарий при 35 долларах за баррель. Насколько реален базовый сценарий, если сегодня цена за баррель нефти составляет 45 долларов?

Какие действия могут быть приняты в случае резкого изменения курса валют, так как размер гарантированного трансферта определен исходя из расчетного курса 360 тенге за доллар США? Спасибо.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Мы берем достаточно консервативный сценарий - 35 долларов. Вы сами видите, какая высокая волатильность. Буквально три недели назад цена была 50 долларов, а в августе мы видели, как она резко росла и резко снижалась. Чтобы не допустить излишней волатильности в бюджете, мы зафиксировали цену на консервативном уровне - 35 долларов США. Если, конечно, ситуация улучшится, возможны даже дополнительные поступления в бюджет и Национальный фонд.

Что касается курса, то мы его также фиксируем на уровне 360 тенге. Это тоже очень консервативный показатель. В связи с тем, что волатильность цен на нефть достаточно высокая, фиксирование курса в рамках этого закона не скажется на поступлениях.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Никитинской Екатерине Сергеевне.

НИКИТИНСКАЯ Е.С. Согласно прогнозу Министерства национальной экономики основные параметры Национального фонда, начиная с 2017 года, ежегодно снижаются - с 72 миллиардов долларов США на конец 2016 года до 63,1 миллиарда долларов США на конец 2019 года. Также предусмотрено снижение инвестиционных доходов от управления фондом с 812 миллиардов тенге до 687 миллиардов тенге в 2019 году. В этой связи есть ряд вопросов.

Первый вопрос: планируется ли Правительством и Национальным Банком преодоление данной негативной тенденции? Если да, то в какие сроки?

Публикуются ли в открытом доступе отчеты об инвестиционной деятельности фонда? Содержат ли они информацию о структуре инвестиционного портфеля фонда, об уровне доходности приобретаемых активов? Если нет, насколько это соответствует международной практике?

Насколько доступны аудиторские отчеты для Парламента и гражданского общества?

БИШІМБАЕВ Қ.У. В целом по вопросу управления Национальным фондом. Сейчас Правительством разрабатывается новая концепция управления Национальным фондом. Буквально недавно этот проект обсуждался на Совете по экономической политике. Основные его положения будут направлены на исполнение поручений Главы государства, в частности, по снижению зависимости бюджета от трансфертов из Национального фонда, то есть от доходов от нефтяного сектора. Концепция предусматривает поэтапное снижение трансферта из Национального фонда, которое будет способствовать сохранению основных объемов накопленных средств в Национальном фонде. После официального утверждения концепция будет представлена на рассмотрение Главе государства для утверждения в виде Указа Президента.

Что касается Вашего вопроса об открытости информации об использовании средств Национального фонда и управлении Национальным фондом. Указом утверждается ежегодный отчет об управлении Национальным фондом, который доступен в юридической базе "Әділет". Там можно ознакомиться и с другими материалами.

Что касается аудита, то аудитор выбирается Министерством финансов. Сейчас у нас утвержден аудитор "Deloitte". Отчет по управлению также можно запросить в Министерстве финансов, он доступен.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. У меня вопрос к Председателю Национального Банка.

Согласно прогнозу за три года рассматриваемого бюджета произойдет сокращение средств Национального фонда на 9,5 миллиарда долларов. Кроме того, ожидается и падение инвестдоходов фонда с 812 миллиардов тенге до 686 миллиардов тенге, то есть на 16 процентов, но средства фонда инвестируются, как известно, не только в тенге, а значит - падение будет еще больше.

Как известно, Национальный фонд был создан Главой государства для решения двух основных задач - стабилизации экономики в период кризисов и накоплений для будущих поколений. Впервые этот фонд был "распечатан" в период тяжелейшего кризиса 2007-2009 годов, но со временем мы стали не просто черпать ложкой при крайней необходимости, а привыкли рассматривать Национальный фонд как постоянный дополнительный источник пополнения бюджета, что, на наш взгляд, противоречит самой идеологии его создания. Вместо развития производительной экономики мы проедаем то, что принадлежит не нам, а нашим потомкам. Сегодня мы уже запустили руку по самый локоть и выгребам не инвестиционный доход, а основные средства фонда. Так бесконечно продолжаться не может, при таком подходе когда-то уже и фонда может просто не хватить на наши аппетиты.

Фракция "Ақ жол" постоянно ставит вопрос, что нужно, во-первых, тратить из Национального фонда только часть инвестиционного дохода, но никак не сами накопления, то есть основное "тело" фонда; во-вторых, не только искать доходы, но и сокращать необоснованные расходы государственных органов и коррупцию среди чиновников. В этой связи у меня вопросы.

Первый вопрос: что служит причиной падения инвестиционных доходов Национального фонда, кто несет за это персональную ответственность?

Второй вопрос: видит ли Национальный Банк тот предел, когда нельзя уже будет брать средства Национального фонда? Какая часть средств Национального фонда является неприкасаемой? Просто назовите цифру.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, включите микрофон Данияру Талгатовичу Акишеву.

АҚЫШЕВ Д.Т. Как я уже сказал, в первую очередь владельцем Национального фонда является Правительство Республики Казахстан, Национальный Банк управляет, соответственно, предоставление официальной информации осуществляется следующим образом: Национальный Банк информирует Правительство и предоставляет эту информацию, Правительство принимает решение в части опубликования либо размещения этой информации.

Что касается инвестиционного дохода в будущем. Все эти параметры были согласованы с Правительством и Национальным Банком, они основываются на том, что размер Национального фонда действительно сокращается, соответственно, сокращается инвестиционный доход, который начисляется на основное "тело" Национального фонда.

Хотел бы также привести цифры, что в 2016 году произошло значительное улучшение инвестиционных параметров. Во-первых, с 2002 года по 2016 год инвестиционная доходность Национального фонда составила 3,56 процента. За девять месяцев 2016 года, по предварительным данным, доходность Национального фонда составила 3,02 процента в положительном выражении, что является одним из высоких показателей среди других суверенных фондов, которые функционируют в мире.

Думаю, вопрос использования денег, какие пределы использования денег, не относится к компетенции Национального Банка. Спасибо.

ТӨРАҒА. Хорошо. В Правительстве оперативным управлением этими вопросами, Куандык Валиханович, Ваше министерство занимается? Вам слово, пожалуйста.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Мы принимаем новую концепцию, до 1 декабря мы должны ее разработать, там чуть больше деталей. Предложенный вариант концепции содержит уменьшение использования средств Национального фонда в течение определенного времени почти на 1 триллион тенге. Конечно, это скажется и на доходах. Соответственно, если мы эту концепцию реализуем в том виде, в каком она предложена, это позволит сохранять основное "тело" уже в ближайшее время.

Что сказалось на снижении параметров Национального фонда? Для статистики хочу отметить, что у нас очень высока доля нефтяных доходов в республиканском бюджете, она составляет в среднем от 45 до 50 процентов, поэтому волатильность доходов республиканского бюджета связана со снижением цен на основные экспортные товары, в частности, на нефть. Снижение такой доли за счет снижения трансферта, повышение собираемости доходов из других источников позволит нам стабилизировать это, тем самым меньше средств привлекать из Национального фонда.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қуандық Уәлиханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті депутаттар, қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Оксикбаев Омархан Нұртайұлына беріледі.

ОКСИКБАЕВ О.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер мен шақырылғандар! "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017-2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" Заң жобасының мақсаттары мен негізгі бағыттарын министр Бишімбаев баяндап берді.

Ұлттық қорымыздан бөлініп отырған кепілдендірілген трансферт - бюджетті тұрақты табыс көзімен қамтамасыз етуге және экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталатын бюджет шығыстарын толық көлемде қаржыландыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ел экономикасы дамуының болжамды өлшемдеріне қол жеткізуге ықпал етпек.

Заң жобасын Мәжілістің жалпы отырысында қарауға дайындау барысында оған Палатаның тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы бойынша депутаттардан ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанның негізінде Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017-2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" Заң жобасын мақұлдауды ұсынуды мүмкін деп есептейді.

Заң жобасының қорытындысы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Омархан Нұртайұлы.

Құрметті депутаттар, енді осы заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Бектұрғанов Ерсұлтан Өтегүлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленген.

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 2000 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылған болатын. Ол бүгінгі таңда маңызды рөл атқарып, еліміздің қауіпсіздік тірегі болып табылатыны баршамызға белгілі.

Ұлттық қордан 2017-2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферттің жыл сайын 2 триллион 880 миллиард теңге мөлшерінде айқындалғаны белгілі.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының Үкіметі еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ете отырып, Ұлттық қордың қаражатын ұтымды әрі тиімді пайдалану үшін барлық күш-жігерін жұмсайды деп есептейміз.

Осы айтылғандарды ескере отырып, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, тағы да талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы заң жобасы туралы бір ғана ұсыныс түсті - тұтастай мақұлдау жөнінде. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Заң жобасы тұтастай мақұлданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Келесі жетінші сұрақ - "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Ұлттық экономика министрі Қуандық Уәлиханұлы Бишімбаев мырзаға беріледі.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Заңының жобасы енгізіліп отыр.

Заң жобасы өңірлердің бюджеттік қамтамасыз ету деңгейін мемлекет кепілдік қызметтер ұсынуды теңестіруге, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қаржылық дербестігін арттыруға бағытталған.

Үш жылдық кезеңге арналған субвенциялар мен алып қоюларды есептеу өңірдегі бюджеттік қызметтерді алушылардың санына, сондай-ақ өңірлердің (демографиялық құрам, халықтың тұру тығыздығы) ұсыну құнына ықпал ететін объективті факторларына сүйене отырып жүргізілген.

Жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына бұрын республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығындар қосылған, оның ішінде 2017 жылы 503,3 миллиард теңге, 2018 жылы 577,7 миллиард теңге, 2019 жылы 591,2 миллиард теңге.

Күрделі шығындардың алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамы тиісті жылға арналған ағымдағы шығындар көлемінің 6,5 пайызы мөлшерінде анықталған.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін ұйымдар үшін күрделі шығындарды жүзеге асыруға арналған шығыстары да жергілікті бюджетте ескерілген.

Әкімдердің қаржылық дербестігін және өңірлік инфрақұрылымды дамытуға жауапкершілігін кеңейту мақсатында 2017 жылға арналған жергілікті бюджеттердің даму бюджетінің болжамы 2016 жылғы болжаммен салыстырғанда 193,6 миллиард теңгеге ұлғайды.

2017-2019 жылдарға жергілікті бюджеттердің шығыс болжамында Парламент Мәжілісінде Республикалық бюджет жобасын қарастыру қорытындысы бойынша қосымша қаражаттар ескерілген.

Осыны есепке ала отырып, 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер мөлшері келесі көлемде қарастырылған.

Бюджеттік алып қоюлар:

2017 жылы - 238,6 миллиард теңге,

2018 жылы - 254,6 миллиард теңге,

2019 жылы - 287,8 миллиард теңге.

Бюджеттік субвенциялар:

2017 жылы - 1 триллион 488,3 миллиард теңге;

2018 жылы - 1 триллион 573,3 миллиард теңге;

2019 жылы - 1 триллион 584,1 миллиард теңге.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Сөз депутат Айсина Майра Арапқызына беріледі.

АЙСИНА М.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен аталмыш заң жобасын өз басым тұтастай қолдаймын. Дегенмен бір-екі сұрағым бар.

Құрметті Қуандық Уәлиханұлы! Жаңа өзіңіздің баяндамаңызда айтып кеткендей, мемлекеттік қызметтерді стандарттық деңгейде қамтамасыз ету үшін субвенциялар мен бюджеттік алып қоюлар өңірлердің бюджеттік мүмкіншіліктерін теңдестіруге бағытталған.

Өзіңіз білесіз, 2004 жылдан бері орта мерзімді кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы төрт заң қабылданған болатын. Және жалпы сипаттағы бюджетаралық трансферттерді есептеу әдістемесі жетілдірілді.

Осыған байланысты менің қояр сұрағым бар.

Бірінші. Осы субвенциялар мен алып қоюлар есебінен бүгінде өңірлердің мүмкіншіліктерін қаншалықты біз теңдестіре алдық?

Екінші. Осы мақсаттарда субвенциялар мен бюджеттік алып қоюлардың қолданыстағы әдістемесі бүгін қаншалықты тиімді?

БИШІМБАЕВ Қ.У. Әрине, теңдестікті орнату үшін біздің Үкімет арнайы әдістеме қалыптастырды және бекітті. Сол әдістеме бойынша қазір ғана өзімнің баяндамада айтып кеттім. Осындай трансферттер мен субвенцияларды белгіленген кезде демографиялық құрам, халықтың тұру тығыздығы, климаттық жағдайлар, көлік қолжетімділігі және басқа да факторлар ескеріледі. Сондықтан әдістеме объективті түрде жергілікті аймақтарда мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың санына сай бөлінген қаражатты, субвенцияларды теңдестіреді.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сейдуманов Серік Тұрарұлына беріледі.

СЕЙДУМАНОВ С.Т. Уважаемый Куандык Валиханович! В стране сохраняется высокая зависимость местных бюджетов от средств, выделяемых регионам из республиканского бюджета. Тенденция в этом вопросе, к сожалению, неутешительная. Объем субвенций на 2016 год составляет 837 миллиардов тенге, а на 2017 год запланировано в объеме 1 триллион 482 миллиарда тенге. При этом нагрузка на регионы-доноры продолжает увеличиваться. В связи с этим у меня два вопроса.

Первый вопрос: имеется ли у Правительства видение решения этой сложнейшей проблемы - самодостаточности экономики регионов?

Второй вопрос: какие стимулирующие меры планируете принять для увеличения доходов местных бюджетов хотя бы в среднесрочной перспективе? Спасибо.

БИШМБАЕВ Қ.У. Ваш вопрос отражает на самом деле суть самих межбюджетных отношений. Дело в том, что все доходы, которые у нас возникают, в большей части аккумулируются в республиканском бюджете. Это на самом деле выбор модели межбюджетных отношений. То есть это не потому, что местные бюджеты становятся более зависимы от субвенций, а это связано с тем, что сами доходы у нас ежегодно аккумулируются именно в республиканском бюджете. Для чего это сделано? Это как раз затрагивает первый вопрос. В силу того, что экономическое развитие регионов у нас разное, чтобы обеспечить равное предоставление и равный доступ к услугам для всех граждан Республики Казахстан вне зависимости от места проживания, система устроена таким образом, что доходы централизуются на верхнем уровне, а затем субвенциями распределяются.

В этой связи понятия "регионы-доноры" и "регионы - получатели субвенций" достаточно условные, потому что в такой модели межбюджетных отношений центр выступает просто выравнителем, который обеспечивает равное количество услуг для каждого гражданина вне зависимости от уровня экономического развития того или иного региона. Это политический выбор, который закреплён и в Конституции, в связи с тем, что мы унитарное государство и объём услуг, предоставляемых государством, гарантирован Конституцией в равных объёмах.

Что касается увеличения стимулирующей части. Она предусмотрена самой моделью межбюджетных отношений. Все сверхдоходы, которые регионы получают, после согласования с нами прогноза по доходам остаются в их распоряжении. На протяжении периода, когда был достаточно высокий темп экономического роста, все регионы, которые активно развивались, в которых развита нефтедобывающая и горнодобывающая промышленность, ежегодно получали сверхдоходы к прогнозам, утверждаемым на три года. Эти сверхдоходы остаются в распоряжении регионов и позволяют им самостоятельно принимать решение о том, куда их направлять. Мы эту модель сохраняем. Есть какой-то порог, сверх которого регионы в случае сбора налогов на местном уровне самостоятельно могут использовать. Это и есть основная стимулирующая часть.

Ну и важен, конечно, экономический рост. Темпы экономического роста закладываются на трехлетний период, что, соответственно, также даёт возможность регионам стимулировать экономический рост и получать больше налогов.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақ қоюға жазылған басқа депутаттар жоқ.

Қуандық Уәлиханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Оксикбаев Омархан Нұртайұлына беріледі.

ОКСИКБАЕВ О.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер мен шақырылғандар! "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Заң жобасы бойынша төмендегіні баяндағым келеді.

"2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, аталған заң жобасын қарау барысында Қостанай облысы бойынша кірістер болжамы түзетілді, барлық өңірлер

бойынша "Балапан" бағдарламасына қосымша қаражат көзделді, білім алушылардың нақты саны бойынша қажеттілікке сәйкес келмегендіктен техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында мамандарды даярлау шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға бағытталған шығыстар өңірлер арасында қайта бөлінді, ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау бойынша Қостанай мен Павлодар облыстарының қосымша шығыстарына қолдау көрсетілді.

Осы түзетулердің негізінде бюджеттік алып қоюлар мен бюджеттік субвенциялар жататын жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері қайта қаралып, төмендегі мөлшерлерде айқындалды.

Бюджеттік алып қоюлар:

2017 жылы - 238,6 миллиард теңге;

2018 жылы - 254,6 миллиард теңге;

2019 жылы - 287,8 миллиард теңге.

Бюджеттік субвенциялар:

2017 жылы - 1 триллион 488,3 миллиард теңге;

2018 жылы - 1 триллион 573,3 миллиард теңге;

2019 жылы - 1 триллион 584,1 миллиард теңге.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері оң қорытындыларын ұсынды.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанның негізінде Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Заң жобасын мақұлдауды ұсынуды мүмкін деп есептейді.

Заң жобасының қорытындысы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Омархан Нұртайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобасын қолдай отырып, сонымен бірге бұл жүйеде ескеретін кейбір проблемалар бар екенін атап өткім келеді.

Бірінші. Жергілікті бюджеттердің республикалық нысаналы трансферттерге тәуелділігі.

Екінші. Жергілікті атқарушы органдардың бағдарламаларды орындау кезінде дербестік танытпай, жауапкершілігі төмен болуы.

Үшінші. Даму бюджеті шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттер арасында қаржыландыру салалары нақты ажыратылмаған.

Төртінші. Жаңа әріптесім айтып өткендей, нысаналы даму трансферттері жекелеген өңірлердің экономикалық дамуын теңестіру үшін қажет екенін білеміз, бірақ ондай рөлді атқаруды қойды. Өзекті емес әрі әлеуметтік-экономикалық маңызы жоқ объектілер қаржыландырыла бастады. Нәтижесінде, өткен 10 жылда республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ұлғайды.

Сондықтан қазіргі кезде бюджетаралық қатынастарды ұйымдастыруды қайта қарау қажет деп санаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, тағы талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жазылған да депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Сондықтан осы ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Сонымен заң жобасы тұтастай мақұлданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, келесі сегізінші сұрақ - "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Құрметті депутаттар! Құрметті Үкімет мүшелері! Осы мәселе бойынша келесі жұмыс тәртібі ұсынылады: алдымен Ұлттық экономика министрі Бишімбаев мырзаның, Қаржы министрі Сұлтанов мырзаның және Ұлттық Банкінің Төрағасы Ақышев мырзаның баяндамаларын тыңдап, одан кейін сұрақ беру рәсіміне көшсек. Қарсылық жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда келістік.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуандық Уәлиханұлы Бишімбаев мырзаға беріледі.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Елдің 2017-2021 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы 2016 жылға арналған жалпы ішкі өнімді нақтыланған бағалауы және халықаралық ұйымдардың әлемдік экономиканың өсуі мен тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың болжамдары негізінде әзірленген.

2017 жылы мұнай бағасы бойынша халықаралық қаржы институттарының болжамдары едәуір ерекшеленеді (барреліне 41-ден 61 АҚШ долларына дейін).

2017-2021 жылдардың Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет параметрлері базалық сценарий негізінде қалыптастырылды.

Осы сценарий бойынша 2017-2019 жылдары мұнай бағасы барреліне 35 АҚШ доллары шамасында және одан әрі 2021 жылы барреліне 45 АҚШ долларына дейін өсуі консервативті деңгейде алынды. Металдардың бағалары 2016 жылға қарағанда 2021 жылы 11 пайызға дейін өсуді көрсетеді.

Мұнай өндіру көлемі 2017 жылы 79,5 миллион тоннаны құрап, 2021 жылға қарай 86,5 миллион тоннаға дейін өседі деп күтілуде.

ЖІӨ-нің нақты өсуі 2017 жылы 1,9 пайыздан 2021 жылға қарай 3,1 пайызға дейін өсуі болжануда.

Номиналды жалпы ішкі өнім 2017 жылғы 48,4 триллион теңгеден 2021 жылы 63,6 триллион теңгеге дейін өседі.

Халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 2017 жылғы 7,5 мың АҚШ долларынан 2021 жылы 10 мың АҚШ долларына дейін ұлғаяды.

Өнеркәсіп орташа 2,1 пайызға өседі, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі - 2,1 пайызды, тау кен өнеркәсібі - 2,2 пайызды құрайды.

Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемінің жылдық орташа өсімі 3 пайыз деңгейінде, құрылыс саласында 3,6 пайыз деңгейінде болжанады.

Болжамданып отырған экономиканың өсу қарқынына сәйкес ақша-кредит саясаты және төлем балансының болжамдары қалыптастырылды.

Экспорт 2017 жылы 40,2 миллиард АҚШ долларынан 2021 жылы 53,3 миллиард АҚШ долларына дейін өседі.

Сәйкесінше, импорттың өсуі 29,1 миллиард АҚШ долларынан 38,2 миллиард АҚШ долларына дейін болжанып отыр.

Инфляцияның деңгейі 2017 жылы 6-8 пайыз шегінде болып, 2021 жылға қарай үш-төрт пайызға дейін төмендейді.

Макроэкономикалық болжам негізінде 2017-2019 жылдарға арналған бюджеттік параметрлер болжамы әзірленді.

Республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) 2017 жылы 4 триллион 338,2 миллиард теңге, 2018 жылы - 4 триллион 562,3 миллиард теңге, 2019 жылы - 4 триллион 877,2 миллиард теңге сомасында болжанып отыр.

"Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасын қаржыландыруға бұдан бұрынғы Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңеспен мақұлданған 720 миллиард теңгеден 2017 жылы 441,6 миллиард теңге мөлшерінде Ұлттық қордан нысаналы трансферт тарту жоспарлануда.

Қалған 278,4 миллиард теңге Ұлттық қордың резервинде қалды. Оларды пайдаланылу экономикада қалыптасып отырған жағдайды ескере отырып, 2017 жылы республикалық бюджетті нақтылау кезінде қарастыруға (Елбасының рұқсаты болған жағдайда) болады.

441,6 миллиард теңге мөлшеріндегі 2017 жылға арналған нысаналы трансфертті төмендегі бағыттарға жұмсау жоспарлануда.

1. "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасына 387,4 миллиард теңге, оның ішінде: көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытуға (автомобиль жолдарының құрылысы, Астана қаласының әуежайын реконструкциялау және тағы да басқа) - 150,5 миллиард теңге;

"Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркi" арнайы экономикалық аймағының индустриялық инфрақұрылымын дамытуға - 7,7 миллиард теңге;

жылумен және сумен жабдықтау, су бұру желілерін жаңғыртуға - 53 миллиард теңге;

тұрғын үй құрылысы аудандарындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысына - 57,4 миллиард теңге;

2018 жылдың соңына қарай авариялық мектептерді және үш ауысымдық оқытуды жою үшін білім беру объектілерінің құрылысына - 71,7 миллиард теңге;

Халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп іске асырылатын жобаларды қоса қаржыландыруға - 27 миллиард теңге;

үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру тетігін іске асыруға - 10 миллиард теңге;

"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы бойынша жобаларды іске асыруға 10 миллиард теңге жұмсау ұсынылуда.

2. Басқа басым бағыттарды қаржыландыруға - 54,3 миллиард теңге, оның ішінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ипотекалық ұйымы" АҚ мен "Бәйтерек-Девелопмент" АҚ-ның қарыз қаражаты бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға, сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үйлер құрылысына 25 миллиард теңге жұмсау ұсынылып отыр.

2017 жылы бюджет тапшылығын 578,1 миллиард теңгеге немесе ЖІӨ-ге қатысты 1,2 пайызға дейін төмендету жоспарлануда. 2018-2019 жылдары тапшылықты ЖІӨ-ге қатысты 1 пайызға дейін одан әрі төмендету жоспарлануда. Бұл 2017-2019 жылдары мемлекеттік борышты ЖІӨ-ге қатысты 22 пайыздан аспайтын деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.

Республикалық бюджет шығыстары 2017 жылы 8 триллион 563,1 миллиард теңге, 2018 жылы - 8 триллион 368,1 миллиард теңге және 2019 жылы - 8 триллион 746,8 миллиард теңге көлемінде айқындалды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын ескере отырып, экономикалық өсуді және өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы шығыстарының негізгі басымдықтары аграрлық секторды үдемелі дамыту, индустрияландыру мен шағын және орта бизнесті дамыту, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту болып айқындалды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қуандық Уәлиханұлы. Орныңызға отырыңыз.

Келесі баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов мырзаға беріледі.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы ағымдағы жылғы тамыз айында бекітілген еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының бесжылдық болжамы негізінде әзірленген.

Парламент Мәжілісінде заң жобасын талқылау барысында, оған Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында салыстырмалы кестені қарау кезінде депутаттар тарапынан қолдау тапқан қажетті түзетулер енгізілді.

Сіздер жұмыс топтарының отырыстарында білім беру мен денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт, тұрғын үй шаруашылық, ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету, автомобиль жолдарын салуды қоса алғанда өңірлерді дамыту сияқты салалардағы, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша өзекті мәселелерді көтердіңіздер.

Аталған түзетулер Парламент Мәжілісінде қолдау тапса, бюджет жобасының параметрлерін келесідей өзгертеді.

Түсімдер:

2017 жылы 1,3 миллиард теңгеге азайып, 7 триллион 985 миллиард теңгені;

2018 жылы 2,5 миллиард теңгеге азайып, 7 триллион 828,5 миллиард теңгені;

2019 жылы 4,4 миллиард теңгеге азайып, 8 триллион 169 миллиард теңгені құрайды.

Бұл қысқартуға трансферттер көлемінің өзгеруі себеп болды.

Дәл осындай төмендеумен шығыстар:

2017 жылы 8 триллион 563 миллиард теңгені;

2018 жылы 8 триллион 368 миллиард теңгені;

2019 жылы 8 триллион 746 миллиард теңгені құрайды.

Тапшылықтың көлемін өзгертпей қалдыру ұсынылады. Атап өтсек, ол 2017 жылы 578 миллиард теңгені немесе ЖІӨ-ге 1,2 пайызды, 2018 жылы 539 миллиард теңгені және 2019 жылы 577 миллиард теңгені немесе ЖІӨ-ге сәйкесінше 1 пайызын құрайды.

Енді бюджет шығыстарының негізгі бағыттарына қысқаша тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемінде 2017 жылы 41,7 пайыздан 2019 жылы 49 пайызға дейін өсіп, ең үлкен үлес әлеуметтік салаға тиесілі.

Ақшалай мағынада айтқанда, осы салаға арналған шығыстар 11 триллион 667 миллиард теңгені құрайды, оның ішінде 2017 жылға 3 триллион 570 миллиард теңге.

Әлеуметтік қамтамасыз ету және азаматтарға әлеуметтік көмек беру бағыты бойынша жоспарланған кезеңге 7 триллион 291 миллиард теңге бөлінеді. 2017 жылы ағымдағы жылға қарағанда 54 миллиард теңгеге немесе 2,6 пайызға өсе отырып, 2 триллион 82 миллиард теңгені құрайды.

Бюджет жобасында әлеуметтік төлемдерді болжанатын инфляция деңгейіне, ал ең төменгі зейнетақы мөлшерін 9 пайызға индексстеу қарастырылады.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландыруға бюджет жобасында уәкілетті министрліктің шығыстары шеңберінде 3 триллион 189 миллиард теңге көзделеді. Оның ішінде 2017 жылы шығыстар ағымдағы жылмен салыстырғанда 226 миллиард теңгеге немесе 28,7 пайыз ұлғайып 1 триллион 13 миллиард теңгені құрайды.

Бұл бағытта тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін сақтай отырып, әлеуметтік медициналық сақтандыруға өту қаралады.

Білім беру саласын қаржыландыруға бюджет жобасында 973 миллиард теңге көзделеді, оның ішінде 2017 жылы 393 миллиард теңге.

Мәдениет пен спортты дамытуға алдағы үш жылға шығыстар сомасы 179 миллиард теңгені құрайды, оның ішінде 2017 жылы 70 миллиард теңгеден астам.

Бюджет жобасының екінші ірі блогы - дағдарысқа қарсы шаралар.

Жұмыс орындарын сақтау мен құруға, сондай-ақ өңірлерді дамыту үшін жағдай жасауға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға қабылданып жатқан шаралар аясында бірқатар бағыттар бойынша қажетті шығыстар қарастырылады.

1. Алдағы кезеңде "Жұмыспен қамту жол картасы-2020" шеңберінде орнықты және өнімді жұмыспен қамту бойынша жұмыс жалғасады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жылына 47 мың азаматты жұмыспен қамту қарастырылады. Ол үшін үш жылдық бюджетте 113,5 миллиард теңге жоспарланады, оның ішінде алдымыздағы жылы 37 миллиард теңге.

2. "Бизнестің жол картасы-2020" кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде алдағы үш жылға 46 миллиард теңге қаралады, оның ішінде алдымыздағы жылы 22 миллиард теңге.

3. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруға бюджет жобасында 385 миллиард теңге сомасында қаражат көзделеді. Ал 2017 жылы 238 миллиард теңге келесі ірі бағыттар бойынша жұмсау ұсынылады.

"Ақ бұлақ" бағыты бойынша 35,4 миллиард теңге қалалық және ауылдық сумен жабдықтауға және суды бұруға көзделеді.

"Қолжетімді тұрғын үй" - 143 миллиард теңге, оның ішінде Ұлттық қордан трансферттер есебінен 103 миллиард теңге.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға 54 миллиард теңге, ол жылумен, сумен жабдықтау және суды бұру жүйелерін реконструкциялауға, кредиттеу мен субсидиялауға бағытталады.

Бюджет жобасының үшінші блогы - экономиканың нақты секторын қолдауға бағытталған шығыстар. Бұл блок бойынша, біріншіден, индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңіне жоспарланған үш жылға жалпы сомасы 448 миллиард теңге шығыстар көзделеді, оның ішінде алдымыздағы жылы 156 миллиард теңге.

Осы қаражат өңдеуші кәсіпорындардың басым салаларында индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының жаңа жобаларын қаржыландыруға және шикізат емес экспортты қолдауға, сондай-ақ инвестицияларды тартуға бағытталады.

Екіншіден, ауыл шаруашылығы саласына үш жылдық кезеңге 636 миллиард теңге көзделеді. Оның ішінде алдымыздағы жылы 219 миллиард теңге.

Экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында "Агробизнес-2020" бағдарламасы арқылы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға алдағы үш жылға 300 миллиард теңгеден астам көзделеді.

Үшіншіден, көлік жүйесі инфрақұрылымын дамыту мен интеграциялаудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жалғастыруға бюджет жобасында 1 триллион 51,5 миллиард теңге бөлу жоспарланып отыр.

Өңірлермен қарым-қатынас туралы айтатын болсақ, жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері орталықтан жергілікті бюджеттердің базаларына әр жылы жарты триллионнан асатын нысаналы трансферттердің берілетінінен қалыптасты.

Нақты сомалар Ұлттық экономика министрінің баяндамасында айтылып кетті.

Құрметті депутаттар! Республикалық бюджет жобасының негізгі бағыттары осындай.

Сіздердің тараптарыңыздан көрсетілген қолдау мен сындарлы диалогтарыңыз үшін алғысымызды тағы да білдіруге рұқсат етіңіздер.

Жұмыс тобының отырыстарында, комитеттің және кеше өткен бас комитеттің кеңейтілген отырысында барлық көтерілген өзекті сұрақтар мен мәселелер және ұсыныстар, әрине, жерде қалмайды, әдеттегідей біз келесі жұмыстарымызда бұл ұсыныстардың барлығына шешім табуға тырысамыз деп сендіруге рұқсат етіңіздер.

Назарларыңыз үшін рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақыт Тұрлыханұлы. Орныңызға отырыңыз.

Келесі сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Талғатұлы Ақышев мырзаға беріледі.

АҚЫШЕВ Д.Т. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Ұлттық Банк "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заң жобасындағы өлшемдерді қолдайды.

Ағымдағы жағдайда макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі факторы Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын және Үкіметтің фискалдық саясатын үйлестіру болып табылады.

Сондықтан таяу жылдарға арналған макроэкономикалық өлшемдер Үкіметпен бірге пысықталды және Ұлттық Банк оларды қолдайды.

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты - баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Жылдық инфляцияны 8 пайыз деңгейге дейін төмендету ішкі бағалардың айырбастау бағамының жаңа өлшемдеріне бейімделу процесінің аяқталғанын білдіреді. Сондықтан Ұлттық Банктің негізгі басымдығы жылдық инфляцияны белгіленген дәлізде 8 пайыз шегінде жедел тұрақтандыру болып табылады. Онсыз инвестициялық белсенділікті қайта бастау және ұлттық валютадағы ресурстар бойынша мөлшерлемелерді төмендету мүмкін емес.

2016 жылғы қазанның қорытындылары бойынша инфляция 0,6 пайыз, ал жылдың басынан бастап 6,2 пайыз деңгейінде қалыптасты, бұл дағдарысқа дейінгі кезеңнің көпжылдық мәндеріне сәйкес келеді. Ұлттық Банк жылдық инфляция бойынша нысаналы бағдарға алдағы екі-үш айда жетуді мүмкін деп санайды.

Ұлттық Банк жұмысының негізгі басымдығы ақша нарығындағы нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қалыптастыруға бағытталған, бұл экономикадағы ақшаның объективтік бағасын айқындауға мүмкіндік береді. Онсыз банктердің нарықтық талаптармен нақты секторды кредиттеуі мүмкін емес. 2016 жылы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені 17 пайыздан 12,5 пайызға дейін төмендеткенін еске сала кетейін.

Базалық мөлшерлемеге қатысты кейінгі шаралар іс жүзіндегі және болжамдық инфляция жолына, сондай-ақ халық пен нарықтың валюталық басымдықтарына байланысты болады.

Экономикада ақша ұсынысы ең алдымен теңге бөлігі есебінен артуда. Тоғыз айда ақша массасы 11,5 пайызға немесе 2 триллион теңгеге ұлғайды. Тұтастай алғанда экономика ақшамен қамтамасыз етілген, теңге тапшылығы байқалмайды. Монеталандыру деңгейі жыл басынан бері 42,1 пайыздан 44,5 пайызға дейін өсті.

Ақша нарығында теңгемен өтімділіктің құрылымдық профициті сақталып отыр. Ұлттық Банк сұранысқа ие теңгемен құралдар шығаруда және олардың негізінде кірістілік қисығы қалыптасады. Бұл теңгемен ресурстардың әділ бағасын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл теңгемен кредиттеуді қайта бастау үшін қажет.

Ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты. Қазанның соңында теңгенің биржалық бағамы жыл басынан бастап 1,4 пайызға нығая отырып, бір АҚШ доллары үшін 335,12 теңгені құрады. Қазіргі уақытта нарықта теңге бағамының шамалы күн сайынғы ауытқулары байқалып отыр. Бұл ретте Ұлттық Банк сыртқы және ішкі факторлардың ықпалымен қалыптасып отырған іргелі үрдіске кедергі келтірмейді.

2016 жылғы қыркүйекте және қазанда Ұлттық Банк валюта нарығында өктемдік жүргізген жоқ, тиісінше біздің қатысу үлесіміз 0 пайыз болды. Теңгенің бағамы қазіргі кезде жағымды серпін көрсетіп отырған іргелі факторлардың әсерінен ғана қалыптасады.

Теңгенің еркін өзгермелі бағамы саясаты резервтерді біртіндеп қалпына келтіру процесін бастауға мүмкіндік берді. Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері қазанның соңында 30,5 миллиард долларын құрады. Жыл басынан бері 2,7 миллиард долларға өсті. Алтын-валюта резервтері көлемінің ұлғаюы негізінен алтын құнының өсуімен ішкі нарықта шетел валютасын сатып алумен қамтамасыз етілді.

Ұлттық қордың валюталық активтері 62,2 миллиард долларды құрайды. Ел резервтерінің жалпы сомасы 92,8 миллиард долларға жетті.

Теңгемен активтерге және депозиттердің долларлануының төмендеуіне деген сенімнің қалпына келуінің жағымды үрдістері байқалды. Халықтың және кәсіпорындардың валютаға басымдық беруі өзгеруде, теңгемен салымдардың үдемелі өсуі байқалады. Бұған көбіне Ұлттық Банктің теңгемен құралдар тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралары ықпал етті.

Банктердің экономикаға кредиттерінің қалдығы ағымдағы жылы өзгерген жоқ - 12,7 триллион теңге. Алайда берілген кредиттер көлемі 2016 жылғы тоғыз айда 525 миллиард теңгеге ұлғайып, 7,2 триллион теңге болды. Бұл ретте теңгемен берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің қаңтардағы 23,7 пайыздан қыркүйекте 16,3 пайызға дейін төмендеуі байқалады.

Құрметті депутаттар! Ұлттық Банк қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Ел экономикасында дағдарысты құбылыстардың сақталуы жағдайында Ұлттық Банк қаржы нарығын реттеудің қарсы циклдік сипатын ұстанып, банк секторының жағымсыз оқиғаларға орнықтылығын тұрақты түрде бағалайтын болады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Данияр Талғатұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті депутаттар, баяндамалардың барлығы аяқталды. Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Сөз депутат Ералиев Абзал Жұмашұлына беріледі.

ЕРАЛИЕВ А.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Менің Премьер-Министрдің орынбасары - Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Исабекұлына сұрағым бар.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, жалпы, ауыл шаруашылық техникасы паркінің тозуы 70 пайызды құрайды.

Осы проблеманы шешуге бағытталған ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасы агроқұрылымдардың үмітін ақтамай келеді.

Бағдарлама бойынша 2015 жылы 15 миллиард теңгеге субсидия алуға өтінімдер түсіп, оның тек 60 пайызға жуығы қанағаттандырылған. 2016 жылы бөлінген 7,5 миллиард теңгенің 80 пайыздан астамы өткен жылдарғы қарызды жабуға кетіп, қалған жаңа жобаларға қаражат жетпей қалды. Ағымдағы жылы бөлінген қаржы көлемі 2 миллиард теңгеге азайып отыр.

Агроқұрылымдар жоғарыда аталған бағдарламаға сенім артқандықтан, осы мәселелердің салдарынан лизинг бойынша берешекті төлеу кезінде қиындықтарды сезінуде.

Аталған бағдарламаның көрсеткіштері неліктен орындалмайды? Және алдағы уақытта бұл мәселе қалай шешімін табады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Асқар Исабекұлы, микрофоныңызды қосыңыз.

МЫРЗАХМЕТОВ А.И. Сұрағыңызға рақмет. Маңызды мәселені көтеріп отырсыз.

Сұрағыңызға жауап бермес бұрын алдымен сұрағыңыздың мазмұнды, ауқымды жағына жауап берсем деймін.

Иә, дұрыс айтасыз, бүгінгі таңдағы саланың алдында тұрған маңызды мәселелерді шешу үшін ең алдымен осы машина, трактор, жалпы, техника мәселесін шешу керек екендігі белгілі.

Қаржының жеткіліксіз болғанның өзінде де, осы бөлініп отырған қаржының барынша тиімділігін арттыру жөнінен қазір біршама жұмыстарды атқарып отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, Елбасының тапсырмасына сәйкес жаңадан мемлекеттік бағдарлама қабылдағалы отыр. Осы бағдарламада бұл мәселе қаралып отыр. Ол қандай?

Біріншіден, "ҚазАгроның" тарапынан бөлінетін несиелерге, яғни кредиттік саясатты біз қайтып қарадық. Бүгінгі таңда қолданыстағы саясатқа келетін болсақ, көбіне шетелдік қымбат техникалар сатып алынууда. Пропорция жағынан 40/60, яғни 60 пайыз қымбат техника, 40 пайызы ТМД елдерінде шығатын техника, олардың бағасы арзан, дегенмен бәсекелестік қабілеті алыс шетелдерде шығатын техникалардан кем емес.

Осы пропорцияны өзгерту жөнінде. Егер біз осы пропорцияны өзгертетін болсақ, онда машина-трактор паркін 70 пайызға дейін сол бөлінген қаржының есебінен жаңарту анықталып отыр. Оны біз осы айтылған бағдарламада қарастырғалы отырмыз. Ол бір.

Екінші. Жаңадан бағдарлама қабылданып жатыр, ол - инвестициялық субсидия бағдарламасы. Осы инвестициялық субсидия бағдарламасында тек өңдейтін кәсіпорындардың қондырғылары ғана емес, жаңа Сіз айтқан техникаларды да субсидиялау

мәселесі оған енгізіліп отыр. Яғни, ендігі жерде алынатын техникаға 30 пайызға дейін жеңілдіктер осы бағдарлама арқылы берілетін болады. Бұл жаңа айтқан саясатқа байланысты.

Ал енді Сіз айтқан мәселе бойынша. Беріліп жатқан несиенің пайыздық үстемақысын субсидиялау толық орындалмағанының себебі де белгілі. Ол бюджеттің мүмкіншілігі, орын алып отырған дағдарыс.

Осының бәрін ескере келе, осы талқыланып отырған бюджеттің жобасында бұл мәселе келесі жылға толығымен қаралды. Қателеспесем, 15 миллиардтан астам қаржы қаралып отыр. Оның ішінде өткен жылдарда жиналған 7 миллиардқа жуығы қарызды да жабу мәселесі осының есебінен шешілгелі отыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құсайынов Серік Досымханұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ С.Д. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован Министру национальной экономики Бишимбаеву.

Государственной программой управления водными ресурсами, утвержденной Указом Президента, было предусмотрено, что к 2020 году центральным питьевым водоснабжением будет обеспечено не ниже 100 процентов населения в городах и 80 процентов населения в сельской местности.

Между тем в прошлом году доступ к централизованному водоснабжению в городах был всего лишь у 87 процентов населения, а в сельской местности - 51 процента населения. Обеспеченность водоснабжением в сельской местности составляет: в Павлодарской области - 20 процентов, в Костанайской области - 28 процентов, в Западно-Казахстанской области - 37 процентов, в Актюбинской области - 41 процент.

В связи с этим вопрос: что предпринимается министерством для выполнения поставленной Президентом задачи?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, министр Бишимбаев.

БИШМБАЕВ Қ.У. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, в связи с тем, что в 2015-2016 годах возможности республиканского бюджета резко сократились, было принято решение о пересмотре некоторых индикаторов, связанных с Программой обеспечения питьевой водой "Ақ бұлақ". Новые индикаторы, которые заложены в Программе развития регионов, несколько ниже, чем планируемые. В первую очередь это упирается в возможности местных бюджетов и республиканского бюджета. Общая макроэкономическая ситуация понятна.

Что касается регионов, о которых Вы сказали, то им дополнительно в проекте бюджета на 2017 год предусмотрены средства на повышение уровня обеспеченности центральным водоснабжением сельских населенных пунктов.

Что касается возможности самих местных бюджетов, то в рамках Закона "О трансфертах общего характера" я отметил, что в 2017 году на 193 миллиарда дополнительно увеличиваются бюджеты развития местных бюджетов. Это также дает возможность мест-

ным исполнительным органам самостоятельно решать вопросы централизованного водоснабжения в сельской местности, особенно небольшие проекты, которые не требуют крупных затрат.

ТӨРАҒА. Вы знаете, я тоже хотел бы эту тему развить.

Есть государственная программа, которую утвердил Глава государства. Вы говорите о корректировке. Действительно, в 2014 году с учетом трехлетнего бюджета были корректировки по программе "Ақ бұлақ". Но в аккурат 31 августа 2016 года вы принимаете Стратегический план министерства (вот он) на 2017-2021 годы, согласовали с министром Султановым. В разделе 3 "Обеспечение питьевой водой из центральных источников водоснабжения в городах" вы ставите цифру "в 2020 году - 98, на селе - 68". Почему приказы министра корректируют государственную программу, даже уже измененную, можете объяснить?

Сейчас мы утверждаем трехлетний бюджет. Есть поручение Главы государства, есть возможности. Неосвоение по данной статье составляет 16 миллиардов. А Вы говорите, что денег нет. Пожалуйста, прокомментируйте.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Стратегический план, Нурлан Зайруллаевич, действительно был принят, там несколько увеличенный индикатор показан. Это опять же связано с теми возможностями, которые есть в бюджете.

ТӨРАҒА. Как Вы можете говорить об увеличении, если я Вам привожу документальные цифры, что они заниженные? Вы объясните, как вы корректируете. Вы только что сказали, отвечая на вопрос депутата, что нет денег. У вас больше 15 миллиардов по этой статье не освоено. Как Вы осуществляете бюджетное планирование, господин министр?

БИШІМБАЕВ Қ.У. Есть три программы, Нурлан Зайруллаевич, в которых этот показатель проходит. Первая - это Государственная программа управления водными ресурсами, которая утверждена в 2014 году. Там указаны те индикаторы, которые звучали в вопросе депутата.

ТӨРАҒА. Бакытжан Абдирович, у меня одна просьба. Мы не будем заслушивать то, что говорит сейчас министр. Тут и средства массовой информации присутствуют, Вы выйдите и прокомментируйте, пожалуйста, все-таки. Я думаю, что это проблема не только Министерства национальной экономики.

Что касается стратегических планов других государственных органов, может быть, нам нужно сделать ревизию, подкорректировать? Нет денег - мы здесь готовы посмотреть, будем корректировку бюджетов делать. В марте следующего года вы придете, в июне послушаем исполнение. Но если Глава государства поставил задачу, ее надо выполнять, для этого у нас есть средства, Парламент готов помочь Правительству в этом вопросе. Главное - чтобы государственные органы понимали, что они пишут, что утверждают и о чем говорят.

Сөз депутат Сабильянов Нұртай Салихұлына беріледі.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрге арналады.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері тұрақты, инфляция деңгейі бірқалыпты, жалпы, бюджеттің тапшылығы да белгіленген шектен аспайды. Дегенмен де макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты біз жылына бірнеше рет осы республикалық бюджетті нақтылаймыз.

Үкімет те өз тарапынан көптеген түзетулер енгізеді. Жалпы, стратегиялық және ағымдағы жоспарлаудың арасында ешқандай да байланыс жоқ. Сайып келгенде, Үкімет түпкілікті тиімді нәтижеге қол жеткізуге бағытталған бюджетті қамтамасыз ете алмай отыр. Мемлекеттік бағдарламалар толық орындалмайды, көрсеткіштер орындалмайды, есеп берілмейді және де жаңа бағдарламалар талдаусыз қабылдана салады.

Осыған байланысты, құрметті Бақытжан Әбдірұлы, Сізге сұрағым бар.

Жалпы, жоспарлаудың сапасын арттыру үшін, бюджеттен бөлінген қаражаттар мен нәтижелердің арасында өзара байланыс болуы үшін, қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды, шешімдерді жүзеге толық асыру үшін Үкімет қандай шаралар қабылдайды?

ТӨРАҒА. Бақытжан Әбдірұлы.

САҒЫНТАЕВ Б.Ә. Нұртай Салихұлы, рақмет сұрағыңызға.

Бұл сұрақтың қаншалықты күрделі екенін осы бүгінгі отырыстың барысында көріп отырмыз. Өйткені Ұлттық қордан кепілдендірілген трансфертті бөлу мәселесіне келген кезде де мәселелердің бәрі көтерілді. Бюджетті жоспарлаған кезде мұнайдың бүгінгі бағасының неге алынбайтындығы жөнінде де мәселе көтерілді.

Жұмысымызды бастар алдында бір сағат бұрын мұнайдың бағасы 46 доллар болса, қазір Америкада болып жатқан Президент сайлауының қорытындысына байланысты баға 49 доллар болып отыр. Яғни, мұнайдың бағасы геосаяси жағдайларға өте тәуелді. Оған қосымша Ирактағы, Сириядағы болып жатқан жағдайлар да көп әсерін тигізіп отыр.

Бүгінгі талқылауға салып отырған үш жылдық бюджетке қарайтын болсақ, онда кірістердің 45 пайызы, жаңа министрдің баяндамасында да айтылып өткендей, негізінен осы мұнай саласынан келіп түсетін қаржыға байланысты болып отыр. Яғни, біздің тәуелділігіміз мұнайдың бағасынан үлкен. Біз қанша жасаймыз десек те, бюджетті жобалаған кезде мұнай бағасына және металл бағасына сақтықпен қарап отырмыз. Елбасының тапсырмасы бар. Бұндай жағдайға қарамастан, әлеуметтік ұсыныстардың барлығы толық қалпында сақталады. Оны өздеріңіз де талқылаған кезде көріп отырсыздар. Бірақ бұл тәсілдің осал тұстарын да біз көріп отырмыз. Оған жұмыс жасаймыз.

Бұл жерде біздің қандай мүмкіндіктеріміз бар? Мұнайға және басқа да шикізат өнімдерінің бағаларына 45 пайыз тәуелді болса, 55 пайызды біз қалай көбейтеміз? Мысалы, біздің экономикамызды алып қарайтын болсақ, өздеріңіз білесіздер, экономикамыздың 27 пайызы "көлеңкелі" экономикаға байланысты, осы 27 пайызды

"көлеңкеден" шығаруымыз керек. Оған қандай шаралар жасауымыз керек? Міне, осы бағытта қазір біз өздеріңізбен қосыла отырып жұмыс жасаймыз. Қазір өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етіп жүрген азаматтар 2 миллион 300 мыңға жетті. Алғашқы жылдары 2 миллион 700 мың болатын, бірте-бірте олардың да саны түсіп келе жатыр. Осының бәрін біз алдағы уақытта жұмыс көзінің ашық түріне шығаруға тиіспіз.

Біздің тағы да бір үлкен мүмкіндігіміз бар. Ауыл шаруашылығындағы жеке қосалқы шаруашылықтың барлығын ашық нарыққа шығару керек. Жақында ғана Қытайдың Премьер-Министрі бізге іссапармен келіп кетті. Сол кісі өзінің бір сөзінде айтты, Қытайда күніне 15 мың кәсіпорын тіркеуден өтеді екен. Бізде күніне 600 кәсіпорын тіркеуден өтеді. Қытайда халықтың 95 пайызы жеке секторда жұмыс істейді. Бізде халықтың 50 пайыздан астамы мемлекеттік қызметте жұмыс істейді. Сондықтан шағын және орта бизнесті дамытып, сол бағытта жұмыс жасауға біздің үлкен мүмкіндігіміз бар.

Жаңа министрлердің баяндамаларында айтылғандай, біз көбіне Ұлттық қордан алатын қаржыға бейімделіп жұмысымызды жүргізіп келдік. Бүгінгі күні мұнайдың бағасы 44-45 доллардың төңірегінде бола тұрғанымен де, біздің сұранысымыз мұнайдың бұрынғы 100-110 доллар көлемінде болып отыр. Сондықтан біз осы тарапта жұмысымызды қайта қарап, мақсатымызды айқындауымыз қажет. Осыған байланысты Ұлттық қордың жаңа тұжырымдамасы дайындалуда, ол жақын арада бітеді. Бұл жерде Ұлттық қордан ғана алып, соны жұмсай беруге болмайды, бюджетті жоспарлауда жаңа түсімдердің жолдарын қарастыруымыз керек. Осыған байланысты Елбасының тапсырмасын жақын уақытта бітіріп, оны баяндайтын боламыз.

Құсайынов мырзаның сұрағында да айтылып өтті. Нұрлан Зайроллаұлы, өзіңіз де айтып кеттіңіз, инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде, әсіресе стратегиялық жоспарларды іске асыру кезінде кемшіліктер болды. "Көрпеңе қарай көсіл" дейді. Біз бағдарламаны жасаймыз, бірақ қаржы көзінің қаншалықты жеткілікті екеніне қарамаймыз. Содан кейін негізгі қойылған мақсат, берілген негізгі тапсырма, халықтың күтіп отырған арманы орындалмай қалады да, одан кейін сөз сіздерге келеді, одан кейін жұмыс жасамаған бізге келеді. Сондықтан берілген тапсырма бойынша дұрыс жұмыс жасау арқылы жөндеуіміз қажет.

Сол себептен, Нұрлан Зайроллаұлы, Сіздің жаңағы айтқан ұсынысыңызға толығымен келісеміз. Алдағы уақытта сіздермен бірлесіп осы саланы бір жолға, бір қалыпқа келтіруіміз қажет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Жауапкершілік бір ғой, Парламент болсын, Үкімет болсын.

Слово предоставляется депутату Суслову Александру Васильевичу. Пожалуйста.

СУСЛОВ А.В. Мой вопрос адресован Министерству по инвестициям и развитию.

В настоящее время по Госпрограмме "Нұрлы жол" реализуются семь основных автотранспортных проектов. По итогам третьего квартала текущего года только по проектам "Западная Европа - Западный Китай", "Астана - Алматы" и "Астана - Усть-Каменогорск" не освоено более 105 миллиардов тенге. Вместе с тем в 2017 году на эти же три проекта запланировано еще порядка 150 миллиардов тенге.

В связи с этим у меня два вопроса:

- не постигнет ли та же участь выделенных средств и в 2017 году;
- какие меры принимает министерство по эффективному использованию бюджетных средств и своевременному завершению данных проектов? Спасибо.

ТӨРАҒА. Министр находится в зарубежной командировке. Рау Альберт Павлович, исполняющий обязанности министра, пожалуйста.

РАУ А.П. Средства, выделенные в текущем году на реализацию этих стратегических объектов, будут освоены полностью. Объекты, как сейчас было отмечено, в основном переходящие, поэтому на следующий год также запланировано освоение этих средств.

Что делается? На сегодняшний день дорожная отрасль в стране достаточно развитая, все подрядчики квалифицированные, обеспечены техникой.

Что касается неосвоения, это все идет в плановом порядке, потому что это просто закрываются объемы, формы в счет тех авансовых платежей, которые были сделаны в начале реализации проекта. Средства будут освоены полностью. Спасибо.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Симонову Сергею Анатольевичу. Пожалуйста.

СИМОНОВ С.А. У меня вопрос к Министру здравоохранения и социального развития.

Уважаемая Тамара Босымбековна! Почему мы переселяем людей в регионы, где дефицита в трудовых ресурсах нет? По Вашим данным, с момента начала реализации Программы "Дорожная карта занятости" по направлению "Трудовая мобильность" было выделено 36,7 миллиарда тенге. За это время переселены 18 тысяч человек, в том числе 9 тысяч трудоспособных, из них только 7 тысяч человек трудоустроены (78 процентов). Более того, имеются факты, согласно которым дома, введенные в эксплуатацию, простаивают по полтора года незаселенные.

На фоне существующих фактов финансирование по данному направлению продолжается, в 2017 году заложено в бюджете 1,6 миллиарда тенге. Все-таки с какой целью строим жилье, если нечем потом его заселить? Зачем изначально тратить средства на переселение людей, если не можем потом их трудоустроить? В чем смысл таких затрат, если нет 100-процентного результата? Ответьте, пожалуйста.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Тамара Босымбековна.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Повышение мобильности трудовых ресурсов в рамках Дорожной карты направлено как раз-таки на то, чтобы можно было переселить из населенных пунктов с низкой экономической эффективностью в более развитые регионы. Самое главное условие - если есть работодатель, который может принять на работу. За эти годы мы переселили 5 тысяч семей, 1355 домов было построено, они сейчас полностью заселены.

Куда мы переселили? В Северо-Казахстанскую область, где есть конкретная потребность. В город Риддер Восточно-Казахстанской области, в город Рудный Костанайской области. Сейчас идет переселение в Павлодарскую область.

В отношении тех регионов, которые не заселены. Это Зайсанский район Восточно-Казахстанской области.

Да, этот дом был построен по заявке акима области, что ТО "Шығыс" должен был принять 60 человек на работу. В связи с экономической ситуацией он не смог принять, этот дом не был заселен участниками нашей программы. Мы сейчас с акимом области пришли к единому мнению, что этот дом будет заселен детьми из домов-интернатов и молодежью до 29 лет, оралманами, проживающими на территории этого региона. И они будут направлены на обучение. Это касается всего лишь двух домов, построенных в Восточно-Казахстанской области.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, включите микрофон Премьер-Министру Бакытжану Абдировичу.

САҒЫНТАЕВ Б.Ә. Спасибо за важный вопрос.

Наверное, вопрос не в том, будут ли заселены два пустующих дома или нет. Главная цель, когда мы переселяем из трудоизбыточных регионов в северные регионы, - не только устроить людей на какие-то крупные заводы, чтобы они получили рабочие специальности. Мы должны все сделать для того, чтобы люди, переселенные в северные регионы, получили земельный участок, кредиты для открытия своего бизнеса, сами создавали рабочие места, кормили себя и других. Тогда люди будут переселяться. А если мы будем ставить узкую задачу, что кто-то будет работать в "Казцинке", "Казахмысе" или "Алюминии Казахстана", где и так уже нет рабочих мест, естественно, никто не переселится. Поэтому вопрос ставится очень правильно. Мы над этим будем работать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Я благодарен, что Премьер-Министр расширил вопрос. Вы назвали цифру "36,7 миллиарда". Переселили 18 тысяч человек, из них 9 тысяч трудоспособных (половина), трудоустроены только 7 тысяч. Абсолютно правильно. Задача данной программы - это не только трудовая мобильность, это вообще мобильность в точке экономического роста, а не просто трудоустройство людей.

Просьба, Тамара Босымбековна, к Вам и к министрам, которые будут отвечать на вопросы. Все мы знаем, у вас мощнейшая артикуляция, можете два часа без перерыва говорить, но в Парламенте набор правильных слов не нужен. Конкретный вопрос - конкретный ответ. Очень много работы впереди сегодня. Договорились?

Сөз депутат Жаилғанова Анар Нұралықызына беріледі.

ЖАИЛҒАНОВА А.Н. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован Министру юстиции Бекетаеву Марату Бакытжановичу.

В бюджете предусмотрены расходы на оказание гарантированной юридической помощи по исполнению проблемных исполнительных документов по социально значи-

мым категориям дел. Понятно, что эти суммы складываются за счет сокращения государственных судебных исполнителей. Так, за четыре месяца 2016 года высвободились 260 миллионов тенге, которые в полном объеме были переданы на покрытие деятельности частных судебных исполнителей по данной категории дел. В 2017 году на эти расходы планируется аналогичная сумма денег. Если раньше государственные судебные исполнители вели эту работу бесплатно, то есть их расходы за счет бюджета не покрывались, то с начала 2016 года государство в полном объеме несет эти расходы.

Если учитывать, что исполнение судебных решений остается на прежнем уровне, а это около 25 тысяч исполнительных производств, то какова эффективность использования бюджетных средств?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Министр юстиции.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопрос.

Как Вы правильно отметили, эти деньги выделяются из сэкономленных средств за счет сокращения государственных судoisполнителей. В 2016 году мы сократили 374 единицы судoisполнителей, в следующем году планируем сократить 370, в 2018 году - 186 единиц. Государство полностью содержало государственных судебных исполнителей, а также все расходы, связанные с их работой. За счет этого мы планируем в 2017 году сократить 845 миллионов тенге, при этом 300 миллионов тенге будут направлены на оплату социально значимых исполнительных производств. В 2018 году мы планируем сократить 877 миллионов тенге и перенаправить на исполнение социально значимых исполнительных производств 300 миллионов тенге. В 2019 году за счет сокращения госсудoisполнителей мы сэкономим 877 миллионов тенге и перенаправим на исполнение социально значимых производств 377 миллионов.

Отвечая на вопрос, насколько эффективно используются средства, хотелось бы отметить, что, если в прошлом госсудoisполнители занимались всем набором исполнительных производств, сейчас они будут исполнять только социально значимые производства - алименты и взыскание зарплат. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігіне арналады.

"Нұр Отан" партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес 2017 жылы жаңартылатын энергия көздерінен өндірілетін электр энергиясының үлесі электр энергиясының жалпы көлемінің 1,6 пайызын құрауға тиіс. Алайда қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 0,8 пайызға тең. Демек, келесі жылдың ішінде өндірілетін таза энергияның көлемін екі есеге ұлғайтуға тиіспіз.

Министрліктің бізге ұсынылған бюджетінде "жасыл экономикаға" көшу тұжырымдамасын іске асыруға 2017 жылға небәрі 95 миллион теңге көзделген. Осы салаға бөлінген қаражаттың мұншалықты жұпыны болуы немен байланысты?

Келер жылы таза электр энергиясының үлесі жоспарланған көлемге жетуі үшін 2017 жылы нақты қанша инвестициялар тартылып, қанша жоба іске асырылады? Министрліктің қалған қысқа мерзімде "жасыл энергияны" екі есеге көбейтуге мақсатқа алған жоспарлары қалай іске асырылатын болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергия министрінің міндетін атқарушы Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Шавхат Әнесұлы, Сіз өте маңызды сұрақ қойып отырсыз.

Расында да, 2020 жылға дейін осы жаңартылатын энергия көздері жалпы ұлттық энергетика балансында 3 пайызға дейін жетуі керек. Сондай мақсат алдымызда тұр. Ол үшін 2020 жылдың соңына дейін пайдалануға толық қуаты 2 гигаватт, соның ішінде 22 - жел, 18 - күн және 13 - су жобалары және инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 1 триллион теңге болатын 52 объект іске қосылады деген жоспарымыз бар.

Ал 2017 жыл туралы айтатын болсақ, келесі жылы 117 мегаватт электр станциялары қолданысқа беріледі. Соның ішінде 6 жел электр станциясы, 6 күн электр станциясы және 3 су электр станциясы іске қосылады.

Іске қосылатын барлық объектілер жекеменшік инвестиция көздерінен тартылады. Және де келесі жылы еліміздің сегіз өңірінде іске қосылатын объектілер бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұрақ басқаша болды ғой. Бюджетте 95 миллион дедіңіз бе? 95 миллион ғана қаржы жоспарланып отыр. "Жасыл экономикаға" тапсырмаларыңызды "Экспоның" алдында практически в три раза меньше исполняете. Заложили эту цифру. Соны айтып беріңіз.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Мен жаңа айттым ғой, осы объектілердің барлығы жекеменшік инвестиция көздерінен іске қосылады. Ал жоспарланған 97 миллион теңгеге бюджет жүргізіледі.

ТӨРАҒА. Стратегиялық жоспар бойынша 300 миллионнан асқан. Сіз бүгінгі келген бюджетке 95 миллион жоспарлап отырсыз. Неге?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Я еще раз хочу повторить, извините.

Все проекты, которые позволят нам выйти на 3 процента по возобновляемым источникам, будут финансироваться за счет частных инвестиций.

ТӨРАҒА. Таким образом, Вы должны сегодня объявить, что закладываете цифры, которые ниже Вашего стратегического плана. Причина какая? Не подтянули инвесторов? Так или нет?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. 97 миллионов тенге, которые вкладываются, это деньги, которые идут за счет бюджетных средств. По Стратегическому плану мы планируем, что

до 2020 года будет проинвестировано 3 миллиарда долларов, или 1 триллион тенге (52 объекта).

ТӨРАҒА. Как будете этого достигать?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Это будет достигаться за счет проведения индексации тарифов. Вы знаете, сегодня у нас существует проблема, связанная с тем, что после произошедшей два года назад корректировки курса тенге...

ТӨРАҒА. То есть эту сумму вы за счет тарифа доберете?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Эту сумму мы будем забирать за счет тарифа, за счет гарантированного закупа этой электроэнергии расчетным центром КЕГОК.

ТӨРАҒА. Почти 1 триллион. Понятно.

Магзум Муратович, Вы, пожалуйста, отвечайте на эти вопросы. Хорошо? А сколько вы электроэнергии выработаете за счет модернизации, мы уже слышали из доклада министра, когда он сюда приходил.

Слово предоставляется депутату Жумадильдаевой Наталье Васильевне. Пожалуйста.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Дело в том, что частично ответ на свой вопрос я уже услышала в выступлении Министра национальной экономики. Однако я хотела бы уточнить этот вопрос у отраслевого ведомства - Министерства образования и науки.

В рассматриваемом законопроекте на 2019 год не предусмотрены средства по подпрограммам 107 и 108 (а это трансферты из республиканского бюджета и Национального фонда) на строительство, реконструкцию и сейсмоусиление учреждений образования. Уважаемый Ерлан Кенжегалиевич, я хотела бы уточнить, является ли это свидетельством тому, что в 2018 году вы уже полностью закроете проблему аварийных и трехсменных школ? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Министр образования и науки.

САҒАДИЕВ Е.К. В 2018 году мы решим проблему трехсменных и аварийных школ, которые сегодня числятся в списках, поэтому деньги не закладывались, поскольку заявок не было.

Вместе с тем я должен сказать, что население растет. Если в одиннадцатых классах учатся 220 тысяч детей, то в предшколе - 400 тысяч. Демографическую яму Казахстан прошел, первым на себе это почувствует образование, поэтому с 2019 года строительство школ будет продолжено. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо за ответ.

Министр абсолютно прав, вот статистика Госкомстата: в 2019 году пойдут в первый класс на 32 тысячи детей больше, чем в этом году. Это простая арифметика: в 2014 году детей родилось больше, чем в 2010 году. Таким образом, нужно уже будет, наверное, при корректировке бюджета предусмотреть порядка 40-50 школ, если брать среднестатистическую школу.

ТАСМАҒАМБЕТОВ И.Н. Выше.

ТӨРАҒА. Наверное, даже выше, вот Имангали Нургалиевич говорит, нужно будет учесть при корректировке. Жақсы.

Слово предоставляется депутату Клименко Ивану Ивановичу. Пожалуйста.

КЛИМЕНКО И.И. У меня два вопроса к Министру здравоохранения и социального развития.

Уважаемая Тамара Босымбековна! Успешное развитие государственно-частного партнерства должно уменьшить финансовое бремя государства по оказанию бесплатной медицинской помощи. В этой связи у меня вопрос: на какую сумму министерство планирует уменьшить нагрузку на бюджет 2017-2019 годов за счет внедрения государственно-частного партнерства?

Второй вопрос связан с сохраняющейся тенденцией неравномерного финансирования бесплатной медицинской помощи в разрезе регионов на одного жителя. Так, в 2015 году эта разница составила 54 процента, или от 46 тысяч 934 тенге до 30 тысяч 420 тенге. Согласно прогнозу на конец 2016 года она также составляет 54 процента, или от 57 тысяч тенге до 37 тысяч тенге. Вопрос: каким образом министерство планирует устранить неравномерное распределение финансирования в течение 2017-2019 годов? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Тамара Босымбековна.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Частный бизнес мы будем привлекать. В текущем году доля частного бизнеса в оказании гарантированной медицинской помощи составляет 34 процента. Хочу сказать, что мы здесь не экономим, а расширяем доступность медицинской помощи, потому что платим по тарифу.

По ГЧП. На следующий год мы заключаем договоры с 75 поставщиками медицинской техники на 21,4 миллиарда тенге, которая будет закупаться непосредственно медицинскими организациями, на лизинг и аренду в рамках ГЧП.

В отношении различных тарифов. Финансирование социально значимых заболеваний до сегодняшнего дня оставалось у местных исполнительных органов. Только с января 2017 года мы поднимаем 170 миллиардов тенге на республиканский бюджет. В следующем году мы поднимаем четыре нозологии (туберкулез, "скорая помощь", производство крови и онкология) и предусматриваем 7,5 миллиарда тенге на выравнивание, но это будет идти поэтапно.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Оспанов Берік Серікұлына беріледі.

ОСПАНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министріне арналады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қазіргі таңда "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысының бірыңғай бағдарламасы әзірленуде. Оның негізгі мақсаты - бюджетке түсетін жүктемені төмендетіп, тұрғын үй нарығын коммерциялық арнаға ауыстыру. Осыған байланысты сұрақ қойғым келеді.

Егер 2017 жылы субсидиялауға "Бәйтерек-Девелопмент" акционерлік қоғамы мен "Қазақстанның ипотекалық компаниясы" ипотекалық ұйымы" акционерлік қоғамына 21 миллиард теңге бөлу көзделетін болса, бюджетке түсетін жүктеме қалай төмендейді? Субсидиялау тетігі қазіргі таңда бекітілді ме? Және бұл сала қаншалықты жұмыс істеп кетеді?

Осы ақшаны пайдаланудан қандай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу күтіліп отыр және қазақстандықтар қалай оны сезетін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қуандық Уәлиханұлы.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Сұрағыңызға рақмет.

2017 жылдың бюджетінде 21 миллиард субсидия көзделген. Ол 2015, 2016 жылдары бюджеттен көзделген 200 миллиард теңгеге жуық шығынды төмендетуге мүмкіндік береді. Өйткені осы белгіленген субсидия бюджеттен емес, банктердің ресурстарын және қаржы нарығының ресурстарын осы салаға тартуға мүмкіндік береді. Ал осы "Нұрлы жер" бағдарламасының нәтижесінде 1,5 миллион тұрғын үйді 15 жылдың ішінде қосуға мүмкіндік береді. Ал субсидияның мақсаты - ипотекалық кредиттерге, яғни кредит алып отырған азаматтарға субсидия арқылы жеңілдік беру. Біздің есебіміз бойынша ол берілген ипотекалық несиелерді үш есеге ұлғайтуға мүмкіндік береді, осы 2017, 2018 жылдарға арналған субсидияның арқасында.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.

МҰСЫРМАН К.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және спорт министріне арналады.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы! 2017-2019 жылдары бұқаралық спортты дамытуға жыл сайын небәрі 260 миллион теңге бөлу қарастырылып отыр. Бұл сома мардымсыз. Өйткені жоғары жетістіктер спортын дамытуға жұмсалатын қаржы одан 90 еседен көп.

"Жығылғанға жұдырық" демекші, алдағы үш жылда бір де бір дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу да жоспарланбаған. Ал өткен жылдары осындай жеті кешен салынып, олар әсіресе ауыл тұрғындары үшін тамаша демалыс пен денсаулық орталықтарына айналған болатын.

Қалыптасып отырған жағдайда Сіздің министрлігіңіз бұқаралық спортты алдағы уақытта қалай дамытпақшы? Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға көп-көп рақмет, құрметті Кәрібай Иманжанұлы.

Мен толықтырып айтайын. 2014-2015 жылдары министрліктің саласы бойынша 15 дене шынықтыру кешені салынған болатын. Бірақ қазіргі экономикалық жағдайға байланысты жаңа құрылыстарды уақытша тоқтату жөнінде шешім болғанын өзіңіз жақсы білесіз. Егер де осы шешім тоқтатылса, қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдармен бірге министрлік 51 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға дайын. Оған қажетті жобалық-сметалық құжаттар дайын болғанын да атап өткім келеді.

Қазір ғана комитеттің төрайымы Гүлнар Мұстахымқызы айтып өткендей, министрлік Мәжіліске "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасын енгізіп отыр. Заң жобасы белгілі спорт чемпиондарымен, қоғам қайраткерлерімен және өңірлердегі жауапты қызметкерлермен кеңінен талқыланғанын атап өткім келеді. Бұл заң жобасы негізінен, Сіз айтқандай, бұқаралық спортты кеңінен дамытуға тікелей арналып отыр.

Министрлік жергілікті органдармен бірге әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отыра, сол өңірдегі спорттың жеткен жетістіктерін де ескере отырып, спорт бағытында саралау түрлерін ұсынып отыр. Бұл неге алып келеді? Егер бұқаралық спортты кеңінен дамытуымыз керек десек, онда әр түрлісін дамыту керек. Бірінші рет осы заңға өзгерістер енгізіліп отыр.

Бұқаралық спортқа қаражат жергілікті бюджеттен шығарылатынын өзіңіз де білесіз. Біз негізінен халықаралық спорт түрлерімен байланысты үлкен жарыстар өткізуге міндеттіміз.

Елбасының тікелей тапсырмасымен "Экспо-2017" көрмесіне келушілерге біз ұлттық спорт түрлері - "Бәйге", "Көкпар", "Аударыспақ" және басқа да түрлерін көрсетуді жоспарлап отырмыз. Көп рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Қаржы министріне және Білім және ғылым министріне арналады.

Біз соңғы жылдары жоғары білім сапасын көтеру туралы көп айтамыз. Бұл ретте біз студенттеріміз үшін қандай жағдай жасап отырмыз? Бүгінгі күні студенттердің 45 пайызға жуығы өңірлерден келген жастар құрайды. Ал іс жүзінде олардың тек 66 пайыз ғана жатақханадағы орындармен қамтамасыз етілген.

2011-2015 жылдарға арналған "Студенттік баспана" салалық бағдарламасы іс жүзінде орындалмады. Бұл бағдарлама 87 жатақхананың құрылысын, қайта қалпына келтірілуін, күрделі жөндеулерін қарастырған болатын. Алайда 40 жатақхана салынбай қалды, қайта қалпына келтірілмеді және күрделі жөндеу жүргізілмеді.

Оның ішінде 21 нысан бойынша бүгінгі күні жобалық-сметалық құжаттар мен мемлекеттік сараптаманың қорытындысы дайын. Олардың жарамдылық мерзімі өтіп жатыр. Ал жоғары оқу орындары жобалау үшін 300 миллион теңгеден астам қаржы жұмсады. Сонда осы қаржы бекерге жұмсалғаны ма?

Осы бүгінгі қаралып жатқан бюджетте жатақханалардың құрылысына да және күрделі жөндеуіне де қаржы қарастырылмаған. Осы проблемаларды сіздер қалай шешуді жоспарлап отырсыздар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Алдымен министр Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлының микрофонын қосыңыздар.

СҰЛТАНОВ Б.Т. 2016 жылға арналған бюджетте жеті жатақхананы бітіру үшін 2 миллиард 321 миллион теңге қарастырылған. Біз тиісті министрлікпен жұмыс жүргізіп отырмыз. Оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы және мемлекеттік тапсырыстың ішіндегі тарифтер арқылы бұл мәселелер қарастырылатын болады.

Рұқсат болса, әрі қарай салалық министр нақты айтып берсе деймін.

ТӨРАҒА. Ерлан Кенжеғалиұлы.

САҒАДИЕВ Е.К. Иә, ол рас, жоғары оқу орындарының студенттеріне жатақхана жетіспейтін екі қаламыз бар - Алматы мен Астана.

Алматы бойынша екі үлкен жобамыз бар. Универсиада аяқталғаннан кейін ол ғимараттарды сатпай, университеттерге беру жөнінде министрлік тарапынан ұсыныс енгізілді. Қазіргі уақытта Қаржы министрлігімен бірге қарастырып жатырмыз. Бұл мәселе шешілсе, енді 3,5 мың орны бар жатақхана беріледі.

Астана қаласы бойынша. "Экспо" ғимараттары бойынша да осы сияқты ұсыныс енгізілген, оны да қарастырып отырмыз.

Қалған университеттердің экономикасы өзгеріп жатыр. Тікелей Президенттің тапсырмасына сәйкес енді коммерциялық емес білімдеріне өзгеріп отыр. Студенттердің саны көбейіп отыр. Сол университеттерге жетіспейтін жатақхана орындарын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі арқылы кезең-кезеңмен шешу мүмкіндігін береді деп есептейміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтебаев Сәкен Нуриұлына беріледі.

ӨТЕБАЕВ С.Н. Вопрос к Министерству по инвестициям и развитию.

В проекте республиканского бюджета предусматривается более 9 миллиардов тенге на продолжение строительства паромной переправы в поселке Курык Мангистауской области. Этот объект предусмотрен в предвыборной программе партии "Нұр Отан". По проекту в декабре 2016 года должно быть завершено строительство объектов первого пускового комплекса. Строительство объектов второго пускового комплекса планируется завершить в декабре 2017 года.

Вопрос: какова будет мощность грузоперевозок порта при запуске первого пускового комплекса, то есть в декабре текущего года? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Альберт Павлович.

РАУ А.П. Действительно, этот проект направлен на развитие транзитного потенциала нашей страны. Как правильно было замечено в вопросе, там два этапа. Первый этап предполагает принятие паромов с железнодорожными составами. Второй этап - принятие паромов с автомобилями.

Как известно, уже готова инфраструктура порта для приема паромов с железнодорожными составами. В декабре текущего года будет пуск железнодорожной ветки длиной 14 километров. Таким образом, первая фаза этого проекта будет реализована. Проектная мощность - 4 миллиона тонн грузопотока в год.

Второй этап - это уже приемка паромов с автомобильным транспортом. В 2017-2018 годах предусмотрено строительство инфраструктуры порта для приема паромов с автомобильным транспортом. Поскольку там 24 километра дороги - это автомобильная дорога местного значения, то сейчас акимат Мангистауской области готовит технико-экономическое обоснование и проектно-сметную документацию, но в течение года будем обращаться при уточнении бюджета. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министріне.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Министрліктің бюджетінің шығыс бөлігінде кадрларды даярлауға, олардың білімі мен біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға жұмсалатын қаржыландырудың азаюы байқалады.

2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда бұл сома 1 миллиард теңгеге жуық.

Мемлекетімізде медициналық кадрлардың тапшылығы бар екені белгілі, атап айтсақ, 3 мыңнан астам дәрігерлер, 10 мыңнан астам орта буынды медперсонал.

Медицина мекемелері бүгінгі таңда жоғары деңгейдегі құрал-жабдықтармен, аппаратуралармен қамтылған және де диагностикамен емдеудің жаңа заманауи тәсілдерін біздің дәрігерлер енгізіп жатыр, дүние жүзінде жаңа аурулар тіркеліп жатыр. Осының бәрін ескерсек және де жақында өтетін медициналық сақтандыру жүйесінде жұмыс атқарған кезде дәрігерлерге деген талап өте арта түседі.

Осының бәрін қарастырсақ, бұл қаржыландыруды ұлғайту қисынды, негізгі және орынды қадам болар еді. Ал оның орнына біз төмендегенін байқап отырмыз. Бұл неліктен? Соған жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Тамара Босымбекқызының микрофонын қосыңыз.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

2008 жылдан бастап біз жыл сайын жоғары оқу орындарына 5 мыңнан астам студенттер қабылдаған болатынбыз. Сондықтан алдымыздағы бес жыл бізде 5 мыңнан астам дәрігер оқу орындарын тәмамдап шығады, ал біздің қазіргі қажеттілігіміз 3600-ден ғана артып отыр. Сондықтан кейінгі бес жылға біз қабылдауларды азайтамыз, бірақ қажетті мамандықтарға қазір тәмамдап жатқан азаматтарды тартатын боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Унжаковой Ирине Сергеевне.

УНЖАКОВА И.С. Меня как члена Комитета по вопросам экологии и природопользованию волнует реализация проекта по очистке и санации нашей уникальной природной акватории - озер Щучинско-Боровской курортной зоны, поэтому мой вопрос к Министерству энергетики.

Ваше министерство реализует этот проект с 2013 года. Общая стоимость проекта - 24 миллиарда тенге. За три года вы освоили всего 1 миллиард тенге, это 5 процентов. На предстоящие три года вы запрашиваете 3 миллиарда тенге, это еще 15 процентов.

Когда вы планируете закончить этот проект? Что конкретно будет улучшено в состоянии озер на эти 3 миллиарда? Спасибо.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Действительно, 23 миллиарда было заложено на очистку трех озер - Карасу, Щучье и Боровое. Из них 5 миллиардов - на озеро Карасу, работы по нему начаты.

Почему мы идем так медленно? Дело в том, что у нас не было стандартов, значительное время ушло на разработку соответствующих нормативов, связанных с очисткой озер. Были стандарты на строительные работы (подготовка площадки и так далее), но с учетом того, что озера находятся в экологически чувствительной зоне, необходимо было разработать нормативы на отжим и фильтрацию. Нормативы были разработаны буквально осенью этого года. В этом году мы уже провели определенные работы. В последующие три года по озеру Карасу будет работа завершена.

Что будет сделано? В первую очередь это отжим ила. Ситуация такая, что озера никогда не чистили. Мы проводили летом исследования, в этих озерах фактически нет кислорода, соответственно, для рыб и растений нет никакой возможности вести нормальную жизнедеятельность. Надежда на то, что пробьются соответствующие родники.

Что касается озер Щучье и Боровое, то мы планировали начать эту работу после очистки озера Карасу, но, если у нас будет уточнение в следующем году, можно было бы эти вопросы отдельно предусмотреть на 2018 год. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлына беріледі.

ЖАБАҒИЕВ Қ.К. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Қуандық Уәлиханұлы! Елбасымыз Үкіметке жаңа құрылысты тоқтата тұруға, бұрынғы басталған құрылысты бітпейінше оған қаржы бөлмеу жөнінде тапсырма берген болатын. Осы тапсырмаға сәйкес басталған құрылыстың біразы қазір тоқтап тұр.

Оны талан-таражға ұшыртпас үшін біраз қаражат жұмсап отырмыз. Оның ішінде әлеуметтік саладағы да құрылыстар бар, балалардың ауруханасы, сумен жабдықтау объектілері, газ құбырлары магистралі тоқтап тұр. Осыған орай менің Сізге сұрағым бар.

Қазір қаралып отырған бюджетте жаңа құрылысқа осы бағытта біз тағы қаражат бөліп отырмыз. Қазір қанша құрылыс объектілері қандай бағытта тоқтап тұр? Оған біз қанша қаражат жұмсап отырмыз? Бұл құрылыстарды бітіру үшін келешекте бізге қанша қаражат керек? Осының болашағы қалай болады? Осыған жауап берсеңіз. Рақмет.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Сұрағыңызға рақмет.

2015 жылы бюджет қаражатының қысқартуға байланысты 103 миллиард теңгеге жергілікті және инвестициялық жобалар қысқартылды. Олар келесі жылдарға қаржыландырылмай қалды.

2016 жылдың бюджетінде сол жобаларды жалғастыруға 277,4 миллиард теңге, ал сол жобаларды бітіру үшін 2019 жылға дейін тағы да қосымша 230 миллиард теңге қарастырылып отыр.

Сіз салалық жобаларды көтеріп отырсыз. Оны салалық министрлер айта алатын шығар.

Біздің министрлігіміз бойынша 2017 жылы жергілікті жобаларға 248 миллиард теңге көзделген. Оның ішінде 108 миллиард теңге 230 жалғастырылып отырған жобаларды бітіру үшін көзделіп отыр.

ТӨРАҒА. Ол қандай министрліктікі? Тамара Босымбекқызы, сіздердің объектілер ме?

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Тек менің министрлігім емес.

ТӨРАҒА. Қуандық Уәлиханұлы.

БИШІМБАЕВ Қ.У. Сұрақта ауруханалар және су жабдықтау туралы көтерілген еді.

ТӨРАҒА. Семей және Өскемен дедіңіз. Жауап жоқ Тамарада. Жаксы. Слово предоставляется депутату Никитинской Екатерине Сергеевне.

НИКИТИНСКАЯ Е.С. Спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

У меня один вопрос к Министру национальной экономики: в каких целях рассчитывается реальный ВВП, как он используется при формировании республиканского бюджета?

БИШІМБАЕВ Қ.У. Реальный ВВП рассчитывается для того, чтобы понять реальные изменения индекса физического объема, то есть устранить из прироста стоимости ценовой фактор и посмотреть, насколько реально прирос физический объем. Если мы возьмем цифры номинального роста ВВП, то потом рассчитывается показатель дефлятора ВВП. Это аналогичный показатель, который не в целях потребительских цен, а в макро-

экономических целях показывает, как вообще изменились цены не только на потребительские товары, но и на промышленные товары, а также на товары, используемые в промежуточном потреблении. Номинальный рост снижается на объем дефлятора, то есть ценовой фактор изымается, и мы получаем реальный рост. Он отражает реальный прирост производства в стране.

ТӨРАҒА. Рәқмет.

Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рәқмет, құрметті Төраға.

У меня вопрос к Министерству по инвестициям и развитию.

В плане бюджета заложено формирование "Индустрии 4.0", то есть индустрии четвертого поколения, ее даже называют четвертой индустриальной революцией.

В условиях Казахстана что подразумевается под этой задачей, какие мероприятия она включает?

ТӨРАҒА. Альберт Павлович, пожалуйста.

РАУ А.П. Действительно, "Индустрия 4.0", с одной стороны, новый технологический класс; с другой стороны, чем он отличается от всех предыдущих? Это не несет больших капитальных изменений, то есть смены оборудования, предполагается развитие "умных" производств за счет интенсивного развития информатизации, цифровизации. Самый простой пример, как это началось в Германии: когда с полки магазина брали товар, на заводе уже знали, что этот товар надо производить.

Что касается Казахстана. Мы видим здесь большой потенциал, коллеги из нефтегазового сектора, наверное, со мной согласятся. Например, сегодня рудники в Австралии без водителя за рулем самосвала - это реальность, это интеллектуальные рудники, если можно так выразиться. Большой потенциал мы видим в этом секторе. В геологоразведке у нас тоже огромные возможности.

Деньги, которые заложены через казахстанские институты развития индустрии, предполагают прежде всего в рамках стратегических планов министерств показатели роста производительности труда, начиная от обучения кадров, заканчивая субсидированием, разработкой соответствующих технологий и документов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ізмұхамбетов Бактықожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Рәқмет, Нұрлан Зайроллаұлы.

Мұнай бағасының өзгеруі, оның төмендеуі әсерінің ескерілетіні жөнінде бүгін айтылды. Бірақ "Теңізшевройл" жобасы келесі кезегінің және "Қашаған" жобасындағы жоспарланған жұмыстарды ескерсек, 2020-2021 жылдарға қарай өндірілетін мұнайдың көлемі едәуір төмен. Оның себебі қандай?

ТӨРАҒА. Сұрағыңыз кімге?

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Энергетика министрлігіне.

ТӨРАҒА. Жақсы. Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы, жаңа Қуандық Уәлиханұлы айтып кеткендей, келесі жылға 79,5 миллион тонна жоспарлап отырмыз. Келесі жылы "Қашағанды" есептемегенде, өндірілетін мұнай 73-74 миллионға дейін барады. Мұнай бағасының төмен болуынан Қызылорда облысында және Ақтөбе облысына біздің кен өндірушілер мұнай өндірудің көлемін азайтып жатыр.

Келесі жылға "Қашаған" бойынша 7-8 миллион тонна жоспарлап отырмыз. Ал "Теңіз" кен орны 2021 жылға дейін 26-27 миллион тонна жоспарлап отыр. Оған дейін "Теңіз" жобасында ешқандай өсім байқалмайды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Яковлевой Татьяне Ивановне. Пожалуйста.

ЯКОВЛЕВА Т.И. Мой вопрос к Министру финансов.

Уважаемый Бахыт Турлыханович! В прошлом году в целях повышения эффективности управления и использования бюджетных средств, активов государства и субъектов квазигосударственного сектора Парламентом был принят Закон "О государственном аудите и финансовом контроле". Согласно этому закону Счетный комитет должен осуществлять аудит эффективности планирования и исполнения республиканского бюджета в соответствии с принципами бюджетной системы Республики Казахстан. Кроме того, предполагалось проведение анализа обоснованности бюджета.

Бахыт Турлыханович, в Вашем выступлении я не услышала, проводился ли анализ исполнения продолжающихся программ, оценивалась ли эффективность использования средств, учитывались ли недостатки исполнения республиканского бюджета за прошлый период?

Скажите, пожалуйста, каковы итоги этого анализа? Ведь в соответствии с требованиями ОЭСР они должны лежать в основе формирования проекта бюджета. Прошу ответить. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Бахыт Турлыханович.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Действительно, анализ эффективности реализации - как республиканских бюджетных программ, так и реализуемых государственных, отраслевых программ - должен проводиться на постоянной основе и ложиться в основу формирования проекта бюджета последующих лет. Как Вы отметили, мы сейчас максимально внедряем стандарты ОЭСР, принципы, которые заложены в принятом законе о внедрении системы государственного аудита. Мы сейчас находимся в активной фазе имплементации этих стандартов.

Насчет оценки проекта республиканского бюджета Счетным комитетом. Соответствующий проект Указа разработан и согласован со всеми государственными органами, находится сейчас в Администрации Президента, сам процесс начнется с проекта бюджета 2018 года. В этом году мы в порядке подготовки к этому процессу обеспечили участие представителей Счетного комитета на всех заседаниях Республиканской бюджетной комиссии при рассмотрении заявок администраторов республиканских бюджетных программ.

В целом же работа по учету ошибок, по оценке действующих бюджетных программ проводится постоянно, она проведена и по внесенному проекту бюджета. В рабочей группе при заслушивании администраторов программ также затрагивались эти вопросы, мы докладывали о недочетах, допущенных при освоении, о неэффективном использовании, об изменениях стратегических планов.

Мы полностью согласны, все эти вопросы должны более четко отражаться при рассмотрении бюджета. Конечно же, мы этот вопрос будем обсуждать и при внесении на ваше одобрение отчета об исполнении бюджета текущего года. Спасибо.

ТӨРАҒА. Бахыт Турлыханович, вопросов больше нет. Вы завершали и могли бы поставить хорошую, красивую, жирную точку, но размазали все, как могли. Самое главное, о чем спросила депутат Яковлева, что при рассмотрении отчета Правительства, отчета Счетного комитета в стенах Парламента из года в год есть одна большая проблема - неосвоение денежных средств или их неэффективное освоение. Регулярное невыполнение бюджета - один из основных признаков (о чем был вопрос) неэффективности работы любой организации. Если говорить о частном бизнесе, то ни один акционер не будет держать менеджера на работе, еще и платить ему заработную плату за то, что он из года в год будет не осваивать либо неэффективно осваивать средства, которые он дает. Почему государство должно содержать руководителей таких государственных органов? Вот пока такого подхода не будет у Министерства финансов и его руководства, мы так и будем здесь постоянно вас заслушивать, и вы будете находить те или иные аргументы, поэтому идет неосвоение.

Зная сегодня настрой Премьер-Министра, Правительства, очень рассчитываем, что в следующий приход мы увидим уже совсем другой подход к освоению средств.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Оксикбаев Омархан Нұртайұлына беріледі.

ОКСИКБАЕВ О.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Құрметті әріптестер және Үкімет мүшелері! Мен баяндамаларда айтылған барлық цифрлерге тоқтамай, тек жұмыс тобы аясында атқарылған жұмыс туралы ақпарат бергім келеді.

Бюджет жобасы Мәжіліс комитеттерінде қаралып, жұмыс тобының отырыстарында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тыңдалды. Өңірлердің де республикалық бюджет жобасы бойынша пікірлерін білу үшін Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарының өкілдерінің баяндамалары тыңдалды.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар 280,6 миллиард теңге сомасын құрайтын 135-тен астам түзету енгізді.

Атап айтқанда, депутаттар бюджеттің шығыс бөлігін 205 миллиард теңгеге ұлғайтуды, 18 миллиард теңгеге шығыстарды оңтайландыруды және 12 миллиард теңгеге бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуды ұсынған.

Депутаттар шығыстарды ұлғайтуды ұсынып отырған негізгі бағыттар бұл - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына - 75 миллиард теңге, көлік және коммуникацияға - 51,2 миллиард теңге, денсаулық сақтауға - 16,3 миллиард теңге, білім беруге - шамамен 40 миллиард теңге, мәдениет пен спортқа - 10,6 миллиард теңге және тағы басқалар.

Бюджеттің теңгерімділігін бұзбау үшін қандай бағыттарды қолдай алатынымыз туралы жұмыс тобында жан-жақты талқыланды.

Көріп отырғанымыздай, шамамен 26,1 миллиард теңге сомасына депутаттардың түзетулері қолдау тапты. Оның ішінде 26 миллиард теңге - Үкімет резервін қысқарту есебінен және 86 миллион теңге - Қорғаныс министрлігінің шығыстарын қысқарту есебінен.

Бұл қаражаттар 3 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды балабақшалармен қамтамасыз ету, балалардың құқықтарының бұзылу жағдайларына жедел ден қою үшін Колл-орталықтар құру және олардың жұмыс істеуі, шығармашылық үйлерін жөндеу, сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту, су беру құнын субсидиялау, автожолдарды реконструкциялау сияқты басым міндеттерді шешуге, сондай-ақ денсаулық сақтау объектілерін салуға жұмсалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік кеңесінің отырысында берген тапсырмаларға байланысты, терроризмге қарсы шараларға ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету үшін жұмсалатын шығыстары және объектілерді нығайтуға жұмсалатын шығыстары қолдау тапты.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің қайта ұйымдастырылуына, Дін істері және азаматтық қоғам, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің құрылуына байланысты республикалық бюджет шығыстарына түзету жүргізілді. Әкімшілер мен бағдарламалар бөлінісіндегі толық ақпарат салыстырма кестеде көрсетілген.

Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылға арналған шығыстары шеңберінде Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және жайластыруға 57,4 миллиард теңге және кредиттеу арқылы жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау мен салуға 48 миллиард теңге көзделген.

Бұл қаражаттар "пулмен" көзделген және жоғарыда аталған сомалар шегінде қаржыландырылатын жобалардың тізбесін қазіргі уақытта Ұлттық экономика министрлігі пысықтап жатыр.

Шығыстардың жоғарыда аталған бағыттарына байланысты депутаттардың жекелеген түзетулері құжаттаманың толық пакетінің бар-жоғын және барлық қажетті талаптарға сәйкестігін ескере отырып, бюджетті іске асыру туралы Үкімет қаулысында жобалардың тізбесін қалыптастыру кезінде ескерілетін болады. Жұмыс тобының отырысында бізді Үкімет мүшелері осылай сендірді.

Сондықтан Үкімет "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы Үкіметтің қаулысын бекіту кезінде депутаттардың ұсыныстарын барынша ескереді деп ойлаймыз.

Ішкі қарама-қайшылықтарды жоюды, құқықтық реттеу олқылықтарының орнын толтыруды, редакциялық нақтылауды қамтамасыз ететін түзетулер енгізілді. Заң жобасының мәтіні заң техникасы қағидаларына сәйкес келтірілді.

Құрметті әріптестер! Мәжілісте бюджет жобасын қарау барысында оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бұған дейін қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындауды өзгертпейді.

"Айтпаса, сөздің атасы өледі" деген сөз бар. Біз бекітейін деп отырған бюджет өзінің жетілген биігінен әлі де алыс. Ол туралы жұмыс тобында жан-жақты айтылды да. Біз Үкіметті қолдадық. Және де Үкімет еліміздің экономикамыздың сапалы даму деңгейін қамтамасыз етіп, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды үшін барлық мүмкіндікті жасады деп үміттендік.

Қорытындылай келіп, Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері талқыланып отырған заң жобасы бойынша оң қорытындыларын бергенін айта кеткен жөн.

Барлық депутаттарға жасалған сындарлы жұмыс және түсіністік үшін алғысымды айтқым келеді.

Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілген түзетулерді ескере отырып, "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заң жобасын мақұлдауды ұсынуды мүмкін деп есептейді.

Заң жобасының қорытындысы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Омархан Нұртайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Уважаемые коллеги! При базовом сценарии цена на нефть на 2017-2019 годы заложена на консервативном уровне - 35 долларов за баррель. При этом реальный рост ВВП прогнозируется на уровне 1,9 процента в 2017 году, 2,1 процента - в 2018 году и 2,7 процента - в 2019 году.

Вместе с тем данный базовый сценарий закладывает изначально некорректные предпосылки формирования бюджетных параметров по следующим причинам.

Учитывая, что цена на нефть позиционируется Правительством как основной фактор экономического роста, непонятно, каким образом будет достигнут рост ВВП в 1,9 процента и рост налоговых поступлений на 7,7 процента в 2017 году при цене 35 долларов за баррель, если в 2016 году при средней цене 41 доллар за баррель прирост ВВП прогнозируется на уровне 0,5 процента. В то же время относительно уточненного бюджета 2016 года по программам развития идет снижение расходов: в 2017 году - на 82 миллиарда тенге, в 2019 году - на 194 миллиарда тенге, в том числе по Программе "Нұрлы жол".

Напрашивается вопрос: за счет чего будет достигнут рост ВВП в 2017 и 2018 годах, если цена на нефть будет ниже, чем в 2016 году, и при этом сократятся инвестиции в бюджет развития?

Возможно, сегодня основные надежды на рост экономики связаны с добычей кашаганской нефти. В бюджете заложена добыча 4 миллионов тонн кашаганской нефти в 2017 году и 11 миллионов тонн - в 2019 году, но, по словам председателя АО "КазМунайГаз" Сауата Мынбаева, "нижний порог окупаемости добычи нефти на Кашагане составляет 90-100 долларов за баррель". Будет ли даже при котировке 50 долларов за баррель эта нефть драйвером для роста экономики - это большой вопрос. Рассчитывать на увеличение кредитования банками до такого уровня крайне несерьезно, а других факторов экономического роста нет.

Из вышеизложенного можно сделать один вывод, что министерствами национальной экономики и финансов изначально завышен план по росту ВВП и занижен план по доходам, соответственно, по расходам в бюджете. Все рейтинги агентств по прогнозированию цен на нефть дают прогноз на 2017-2018 годы по средней цене нефти - от 50 до 60 долларов за баррель.

В бюджете Российской Федерации на 2017-2019 годы, который также формируется за счет сырьевых продуктов, средняя цена нефти заложена на уровне 40 долларов за баррель.

Для справки: увеличение базовой цены нефти на 1 доллар за баррель даст увеличение доходной части республиканского бюджета примерно на 140 миллиардов тенге. Если взять во внимание, что базовая цена нефти занижена как минимум на 5 долларов, доходная часть бюджета занижена на сумму порядка 700 миллиардов тенге, и это без учета налоговых поступлений, которые пойдут в Национальный фонд. То есть можно предположить, что Министерство финансов преднамеренно занижает план по доходам, чтобы в дальнейшем отчитываться об успехах по его перевыполнению, а ведь данные средства (примерно 700 миллиардов тенге) могли бы быть направлены на бюджет развития, что позволило бы решить многие, в том числе социальные, вопросы, стимулировать экономическую активность. Самое главное - данные средства могли бы снизить трансферты из Национального фонда, которые в 2017 году составят 3 триллиона 321,6 миллиарда тенге, или 42 процента от общей суммы доходов бюджета.

К сожалению, в Правительстве уже сложилась практика, что дополнительные средства, полученные в результате такого планирования, начинают перераспределяться в ходе уточнения бюджета по мере их поступления. При этом включение данных средств в следующем году при уточнении сокращает время для их освоения, что приводит к некачественному использованию бюджетных средств, или, как показал недавний опыт уточнения бюджета на 2016 год, эти средства просто идут на пополнение уставных капиталов квазигоссектора, где они также фактически не могут быть освоены в течение финансового года, а значит - выпадают из экономического оборота.

Вывод один: при таком планировании бюджета никто не может досконально прогнозировать последствия тех или иных решений, и Правительство не может, как этого требует Глава государства, обеспечить бюджет, ориентированный на достижение конечного эффективного результата.

Далее. Считаю, что существенным недостатком при планировании бюджета являются заниженные дивиденды на государственные пакеты акций и доли участия. По состоянию на 1 января 2016 года государство владело пакетами акций в 130 акционерных обществах, находящихся в республиканской собственности. В проекте бюджета на 2017 год учтены дивиденды только от 67 акционерных обществ. При этом 96 процентов от общей суммы дивидендов в 2017 году будет выплачено всего двумя компаниями - АО "Самрук-Қазына" и АО "Астана Экспо-2017". В сумме это составит 14,7 миллиарда тенге. Таким образом, более 60 акционерных обществ не выплачивают дивиденды и являются убыточными.

С 2005 по 2015 годы из республиканского бюджета на создание этих акционерных обществ была выделена астрономическая сумма - 3 триллиона 436,2 миллиарда тенге. За этот же период от этих АО в республиканский бюджет поступили дивиденды на общую сумму 348,9 миллиарда тенге. За десять лет в бюджет вернулось всего 10 процентов от вложенных средств, то есть доходность примерно по 1 проценту в год.

Более того, с 2015 года наблюдается снижение объема дивидендных выплат. Для сравнения: в 2015 году АО "Самрук-Қазына" выплатило дивиденды в бюджет в размере 34,7 миллиарда тенге, а в 2017 году планируется 11,9 миллиарда тенге.

АО "ҚазАгро" в 2017 году получит бюджетный кредит на 60 миллиардов тенге, а направит в бюджет всего 39 миллиардов тенге.

Далее. По бюджетной программе "Создание условий на привлечение инвестиций", за счет которой финансируется АО "KAZNEX INVEST", из бюджета на 2017-2019 годы будет выделено 4,8 миллиарда тенге. При этом в 2017 году АО "KAZNEX INVEST" выплатит всего 1,7 миллиарда тенге дивидендов в бюджет, то есть сумму, равную полугодовой зарплате одного рядового сотрудника.

АО "Байтерек" дивидендов выплачивать вообще не будет, хотя только по итогам шести месяцев 2016 года прибыль холдинга составила 29,4 миллиарда тенге.

Считаю необходимым пересмотреть дивидендную политику, так как на сегодня объем дивидендов не привязан к размеру полученной чистой прибыли, как это принято во всем мире. То есть АО "Самрук-Қазына", получив прибыль почти в 300 миллиардов тенге, выплатит все равно 11,9 миллиарда тенге, а это всего 4 процента от чистой прибыли.

Целесообразно, чтобы минимальный размер дивидендов определялся в процентном соотношении к полученной чистой прибыли за год. Оптимальный уровень - 50 процентов от прибыли.

Для сравнения: сейчас в России все госкомпании обяжут платить дивиденды в размере 50 процентов от прибыли.

Стоит отметить, что объем выплаченных дивидендов не идет ни в какое сравнение с суммами, которые выделяются субъектам квазигоссектора из бюджета.

Вообще сегодня можно сказать о тотальной неэффективности АО, находящихся в собственности государства. Все вышеперечисленные бюджетные средства не учитывают бюджетных расходов на кредитование субъектов квазигоссектора, а также предоставление государственных заданий.

Большинство акционерных обществ финансируется за счет государства через механизм государственных заданий и размещения заказов, за счет бюджетных средств фор-

мируются доходы и выплачиваются дивиденды в бюджет. По сути, создан замкнутый круг обращения бюджетных средств из одного кармана в другой. Все это похоже на известное сравнение про "чемодан без ручки", когда и нести тяжело, и выбросить жалко.

Уважаемый Бакытжан Абдирович, в заключение хотел бы процитировать слова великого Эйнштейна, который говорил: "Сумасшествие ожидать новые, отличные результаты, делая вещи по-старому".

Надеемся, что сегодняшние наши выступления будут учтены в дальнейшей работе возглавляемого Вами Правительства. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Омаров Сапархан Кесікбайұлына беріледі.

ОМАРОВ С.К. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап Мемлекет басшысы - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев агроөнеркәсіп кешенінің дамуына бағытталған жүйелі бағдарды жүргізіп келеді. Осының нәтижесінде жыл сайын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі ұлғаюда. Соңғы бес жылда ол 2,5 есеге өсті.

Осы жолы да толық қаржыландырмау салдарынан "Агробизнес-2020" бағдарламасының кейбір көрсеткіштеріне қол жеткізілмей қалғандығын ескере отырып, үш жылдық кезеңге арналған бюджет шеңберінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің шығыстары бойынша субсидиялау көлемі ұлғайып отыр. Мысалы, 2017 жылы агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін субсидиялауға арналған қаржы көлемі үстіміздегі жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайып отыр. Бұл жергілікті атқарушы органдарға бөлінетін сомаларды есепке алмағанда.

Қаралып отырған заң жобасын қолдай отырып, кейбір мәселелерге назар аударуларыңызды сұраймын.

Біріншіден, заң жобасында агроөнеркәсіптік кешенге қатысты салалардағы шығыстарға бағытталған жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең аз көлемдерін белгілеу көзделмеген. Қаржыландырудың ең аз көлемдерінің болмауы жергілікті атқарушы органдарға агроөнеркәсіптік кешеннің қаржыларын өздерінің қалауы бойынша басқа салалар мен мұқтаждықтарға қайта бағыттауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, үстіміздегі жылмен салыстырғанда мал шаруашылығы және ветеринария, өсімдік шаруашылығы, орман шаруашылығы және жануарлар әлемі саласындағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арналған шығыстар екі есеге дерлік қысқартылған, 2018-2019 жылдарға бірқатар бағыттарға қаржы бөлінбеген. Агроөнеркәсіптік кешеніндегі білім алудың қолжетімділігін арттыруға қаржы салынбаған. Бұл бағдарламалар қазіргі заманғы технологиялар мен алдыңғы қатарлы ғылыми әзірлемелерге агробизнес субъектілерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге, жаңа технологияларды трансферттеу мен білімді дамытуға бағытталғанын ұмытпауымыз керек.

Үшіншіден, еліміздегі 15 авариялық су қоймасы мен гидротехникалық құрылысты реконструкциялау бойынша жұмысты жүргізуге қаржы жеткілікті көлемде бөлінбей отыр. Осы объектілерді жөндеу апатты жағдайлардың қауіп-қатерін төмендету, сондай-ақ суармалы жерлердің көлемін ұлғайту мәселелерін шешуге бағытталғанын және бұл мәселенің ерекше әлеуметтік-экономикалық маңызы бар екеніне назар аударғым келеді.

Төртіншіден, республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны тиімді пайдалану мәселесіне де аса зор назар аудару керек. Мысалы, өткен үш жылда агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылай сауықтыру бағдарламасына қатысушылар жалпы сомасы 26 миллиард теңгеге мемлекеттік қолдау алды. Осы көлемдегі қаражатты енді жыл сайын бөлу көзделіп отыр.

Қазірдің өзінде өз міндеттемелерін орындай алмай бағдарламадан шығып қалған шаруашылықтар бар. Жалпы тілмен айтқанда, үш жыл бойы субсидия алып келген шаруашылықтар жағдайын жақсартудың орнына бастапқы қалпына қайта оралып, қарыздары одан әрі ұлғайта түседі. Осылайша, мемлекеттік қолдауды алған кәсіпорындар қайтадан қолдауға мұқтаж болады. Осы кәсіпорындарға қолданатын бірден-бір шара - оларды бағдарламалардан шығарып тастау ғана.

Агроөнеркәсіп кешенін қаржылық сауықтыру қазіргі кезде керекті және маңызды бағдарлама екенін ескере отырып, оның орындалу барысын уақтылы және тиімді бақылауға алу керек және мемлекеттік субсидияларды тиімсіз пайдаланғаны үшін қатысушылардың жауапкершілігін күшейту керек деп есептеймін.

Назар салып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Регламентке сәйкес біздің үзіліске шығатын уақытымыз да болып қалды. Бірақ қаралатын маңызды мәселелер әлі де көп. Сондықтан ең алдымен осы бюджетке қатысты барлық сұрақтарды қарап болып, содан кейін үзілісті жарияласақ. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда келістік.

Сөз депутат Иксанова Гүлнар Мұстахымқызына беріледі.

ИКСАНОВА Г.М. Бюджет социальной сферы должен создать прочную финансовую основу для реализации социальных приоритетов Плана нации. Особенность этого бюджета заключается в том, что в общих расходах, которые составляют более чем 11 миллиардов тенге, предусмотрена реализация новых социальных инициатив на сумму 884 миллиарда тенге. Это огромная сумма.

По Министерству здравоохранения и социального развития. Основная задача, как уже было сказано, - внедрение медстрахования. При этом нагрузка на бюджет постоянно увеличивается, не уменьшается. Например, с 2017 по 2019 годы нагрузка на бюджет будет возрастать таким образом - от 915 миллиардов до более 1 триллиона тенге.

Очень высока также зависимость Фонда медицинского страхования от бюджета. Более 80 процентов доходов фонда будет пополняться из государственного бюджета, значит, обеспечение качества и доступности медицинских услуг должно соответствовать всем ожиданиям общества, а это возможно только при развитой системе, сети и оснащенности медицинских учреждений всех уровней.

Расходы на материально-техническое оснащение медицинских организаций на 2017 год планируются в размере 15,2 миллиарда тенге. Это всего 33 процента от потреб-

ностей медицинских учреждений. Сейчас на сумму около 70 миллиардов тенге не укомплектованы медицинской техникой организации, которые оказывают самые важные медицинские услуги, - акушерско-гинекологическую, поликлиническую помощь, помощь больным с острыми инфарктом, инсультом и, хотелось бы особо подчеркнуть, злокачественными новообразованиями.

Я хочу привести в пример состояние онкологических клиник. Из восемнадцати зданий диспансеров шесть построены в 60-е годы и нуждаются в модернизации, семь диспансеров вообще не соответствуют нормативу обеспеченности. В течение трех лет деньги будут выделены только на две онкоклиники, значит, есть риск недостижения равных условий по диагностике и лечению онкологических заболеваний.

Сегодня мой коллега говорил о необходимости выравнивания в регионах стоимости медицинских услуг. Я хочу тоже привести пример с туберкулезными больными. Например, в Карагандинской области стоимость койко-дня составляет всего 6 тысяч тенге, тогда как в Кызылординской области - до 13 тысяч тенге. Такая же картина по четырем нозологиям.

На цели выравнивания выделяется дополнительно 7 миллиардов тенге, но по инфекционным болезням вопрос не решился, хотя стоимость пролеченного больного в ЮКО ниже, чем в СКО, в 3,5 раза. Значит, мы изначально ставим пациентов в неравное положение. Хотя, конечно, есть сомнения по поводу обоснованности тарифной политики вообще, потому что тарифы будут устанавливаться на среднем уровне. Как тогда быть с теми регионами, где тарифы высокие, не отразится ли это на качестве медицинских услуг по очень важным нозологиям?

Одна из новых инициатив по социальному обеспечению - это повышение размера прожиточного минимума на 18 процентов с 1 января 2018 года. Соответственно, будут увеличены размеры других социальных пособий. Эта мера позволит немного подтянуть планку социального обеспечения, однако структура самого прожиточного минимума, вы все знаете, не соответствует стандартам МОТ по уровню благосостояния людей.

На новые инициативы в сфере социального обеспечения предусмотрено выделить 768 миллиардов тенге в трехлетний период. При этом стимулирующий компонент - введение нового формата АСП - будет составлять всего 14 процентов от объема средств на новые инициативы. Рост социальных выплат ожидается по годам, соответственно, на 10, 15 и 14 процентов. Но ожидаемая (даже благоприятный прогноз Правительства - 6-8 процентов) инфляция может нивелировать огромные бюджетные вливания.

Самыми актуальными вопросами в области образования являются переход на 12-летнее образование, триязычие и проект "Бесплатное техническое и профессиональное образование для всех".

В планировании охвата детей дошкольным воспитанием и обучением много проблем и пробелов вследствие отсутствия комплексных прогнозов и игнорирования реальной ситуации на местах. Мы в этом убедились, когда работали в составе рабочей группы. Сегодня очередь в дошкольных организациях составляет 167 тысяч детей в возрасте от трех до шести лет. Сохраняется охват ниже республиканского уровня в шести регионах страны.

В процессе работы над бюджетом в Мажилисе решено выделить еще дополнительно 36 миллиардов тенге на ввод новых 80 тысяч мест. И даже при этом сохранится дефицит в 77 тысяч мест, к 2020 году задача по 100-процентному охвату может быть не решена.

Крайне нерациональны вложения на курсовую подготовку педагогов. Речь идет о тех педагогах, которых направляют на повышение квалификации по обновленному содержанию. Каждый год в течение трех лет на эти цели будет выделяться по 8 миллиардов тенге, тогда как дефицит педагогов, говорящих на английском языке, составляет 28 тысяч. Лишь 2 процента учителей ведут естественно-математические предметы на английском языке. Возникают естественные вопросы и сомнения в пользу такого рода подготовки на курсах, не эффективнее ли вернуться к полноценному циклу образования для таких педагогов, потому что это не достигнет цели?

Во время обсуждения проекта бюджета также решался вопрос об увеличении приема контингента на получение рабочей специальности на 21 тысячу молодых людей. Мы знаем прекрасно, что и сейчас при обучении в ТиПО из-за отсутствия прогнозов слабо учитываются потребности экономики в трудовых ресурсах, поэтому нужно обратить особое внимание на подбор этих молодых людей. Наверное, надо очень детально изучить ресурсные возможности ТиПО.

В Министерстве культуры и спорта не предусмотрены вообще затраты на капитальные расходы. Двум проблемным спортивным объектам, стоимостью каждый 35 миллиардов тенге, строящимся восемь и двенадцать лет, выделяется по 100 миллионов тенге в год на их консервацию и охрану. Между тем по объему эти суммы немного меньше годовых расходов на массовый спорт вообще.

В целом надо сказать, что бюджет социальной сферы вполне достаточен. Просто вопрос в том, как сделать так, чтобы финансирование этой самой главной сферы было направлено на инвестирование в будущее, стимулирование экономической активности и ощутимую поддержку населения. Сочетание этих трех факторов позволит эффективно решать все вопросы. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Құсайынов Серік Досымханұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ С.Д. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! Сегодня мы рассматриваем очень важный для страны законопроект, я предлагаю поддержать его, вместе с тем хочу обратить внимание на некоторые моменты.

Так, по программе 082 "Реализация мероприятий в моногородах и регионах в рамках Программы развития регионов до 2020 года" предусматриваются расходы в общей сумме 5 миллиардов тенге. По программе 085 "Реализация мероприятий в сфере жилищного хозяйства" предусматриваются расходы в общей сумме 196 миллиардов тенге. Данные расходы будут направлены в основном на проектирование, строительство, реконструкцию жилья коммунального жилищного фонда, а также на завершение незаконченных объектов водоснабжения. По программе 086 "Реализация мероприятий в области жилищ-

но-коммунального хозяйства в рамках Программы развития регионов до 2020 года" выделяется 84 миллиарда тенге.

К сожалению, эти финансовые средства не покрывают все имеющиеся проблемы в ЖКХ. Вместе с тем имеются большие проблемы в использовании бюджетных средств.

Так, в 2015 году не завершены работы по семи объектам в сельских населенных пунктах четырех областей - Алматинской, Карагандинской, Мангистауской, Атырауской. Таким образом, допускается неэффективное использование бюджетных средств, не достигаются показатели прямых и конечных результатов бюджетных программ при полном освоении выделенных средств.

Имеющиеся факты возврата бюджетных средств в связи с их экономией или неосвоением говорят о некачественном планировании расходов. Проблема не только и не столько в нехватке средств, а в их неэффективном использовании.

Из-за слабого контроля со стороны администраторов бюджетных программ при полном перечислении средств регионам некоторыми местными исполнительными органами не обеспечивается конечный результат.

К сожалению, нехватка воды остается одной из ключевых проблем Казахстана. В некоторых регионах 80 процентов сельского населения не имеют доступа к центральному водоснабжению. В настоящее время показатели обеспеченности питьевой водой и в целом систем водоснабжения в Казахстане остаются по-прежнему неудовлетворительными.

В связи с этим необходимо, на мой взгляд, ужесточить ответственность администраторов программ и усилить контроль при проектировании и реализации проектов строительства и реконструкций систем тепло-, электро-, водоснабжения и водоотведения. Главными критериями должны быть полное, эффективное использование бюджетных средств и качество проведенных работ.

Правительству необходимо принять во внимание все замечания и предложения, высказанные депутатами Парламента, они должны быть учтены при формировании бюджета следующего года.

С учетом всех пожеланий моих коллег предлагаю одобрить данный законопроект. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен осы заң жобасын қолдай отырып келесі мәселелерді атап өтсем деймін.

Елбасы "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру міндетін қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жоғары білім алуға қолжетімділікті жеңілдетіп, сәйкесінше ел тұрғындарының жалпы білімділік деңгейін арттыру қажет.

Соңғы 10 жылда Қазақстанда жоғары біліммен қамту айтарлықтай төмендеді. Бүгінгі күні мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінген 32 мың грант ел экономикасының сұранысын білікті кадрлармен қамтымайды.

Жыл сайын жоғары оқу орындарына баратын талапкерлердің саны өсуде. Сондықтан бакалавриатқа бөлінетін мемлекеттік тапсырыс көлемі жеткіліксіз. Менің ойымша, бұл қазақстандық жастардың шетелдік жоғары оқу орындарына кетуінің бірден-бір себебі болып табылады.

Жуырда ғана жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бір ғана Шығыс Қазақстан облысы мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларының жартысы келесі жылы ресейлік жоғары оқу орындарына түсуді жоспарлап отырғандығын көрсетті. Себебі ресейлік білім беру жүйесінде студенттердің үштен екісі бюджеттік негізде білім алады, ал Қазақстанда студенттердің 30 пайызы ғана білім беру гранттарының негізінде оқиды.

Сондай-ақ соңғы жылдары бөлінген бюджеттік қаржының көлемі бүгінгі қаралып жатқан бюджетте де сол деңгейде қалып отыр.

Соңғы бес жылдың нәтижесінде жоғары оқу орындарына студент қабылдау саны 78 мың адамға төмендеді. Бүкіләлемдік экономикалық форум рейтингісінде жоғары біліммен қамту көрсеткіші бойынша Қазақстан 51-ші орыннан 61-ші орынға төмендеді.

Шешуді қажет ететін келесі мәселе - ғылыми кадрларды дайындау. Себебі ғылыми дәрежесі бар оқытушылар Қазақстанда қазір жыл сайын азаюда. Егер 2010-2011 оқу жылы профессорлық-оқытушылар құрамының дәрежелік әлеуеті 60 пайызды құрайтын болса, ағымдағы жылы бұл көрсеткіш 50 пайызға дейін төмендеп отыр. Ал PhD докторларының саны бізде тек 3 пайызға көбейді.

Біз 2020 жылға қарай екі қазақстандық жоғары оқу орнының әлемдік рейтингтегі 200-дікке енуі тиіс екендігін ұмытпауымыз керек. Шетелдік оқытушылар үлесі аталған рейтингтің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан педагогикалық кадрларды дайындауға шетелдік оқытушыларды тартуымыз қажет. Алайда өткен жылдан бастап оларды шақыруға бөлінетін шығындар бюджеттен алынып тасталды. Менің ойымша, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмесе, бұл мәселе шешілмейді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде шетелдік оқытушыларды шақыруды ескере отырып, бакалавриат, магистратура және докторантураға бөлінетін орындарды көбейту мақсатында мемлекеттік тапсырыс құрылымын қайта қарастыру қажет деп есептеймін.

Өз сөзімде тағы бір өзекті мәселені айтып өткім келеді. Ол, әрине, отандық мұғалім-оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселесі. Жаңа ғана өз сөзінде әріптесіміз Гүлнар Мұстахымқызы бұл мәселенің өте күрделі екендігіне тоқтады. Бүгінгі күні білім саласындағы мұғалім-оқытушылар біліктіліктерін бюджеттік қаржы есебі негізінен "Өрлеу" орталығында, "Назарбаев Зияткерлік мектептерінің" орталығында, "Назарбаев Университетінде" және бірнеше жоғары оқу орындарының базасында арттырып келеді.

Аталған орталықтар деңгейлік және орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламалары негізінде оқытады. Осы орталықтарда жүргізілген курстардың басым көпшілігінің мазмұндары мен мерзімдері шамалас бола тұра, олардың төлемақыларында едәуір айырмашылықтар бар. Сол себепті бір бағдарламаны оқытудың орталықтардағы ақысы неге әртүрлі деген сұрақ туындайды.

Жалпы, білім саласындағы біліктілікті арттыру бойынша бірыңғай жүйенің болмағандығынан, ұсынылып отырған қызметтердің сапасына талдау жасау және бөлінген бюджеттік қаржының тиімділігін де анықтау қиын.

Менің ойымша, мұғалім-оқытушылардың біліктілігін арттырудың барлық жүйесін қайта қарастырып, сондай-ақ еуропалық елдердің тиімді тәжірибесі бойынша жалпыға ортақ операторды анықтауымыз қажет шығар.

Аталған ұсыныстар педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар бюджеттік қаржының жүйелі және тиімді жұмсалыуына да мүмкіндік береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Тасболатов Абай Бөлекбайұлына беріледі.

ТАСБОЛАТОВ А.Б. Құрметті Төраға! Құрметті әріптестер! Барлық адамдар үшін, әсіресе әскери қызметшілер үшін толық тамақтанудың қаншалықты маңызды екенін бәріміз білеміз.

Бүгінгі таңда Қорғаныс министрлігінде және басқа әскери құрылымдарының азық-түлік паегінің құны 1005 теңгені құрайды. Қазақ тағамтану академиясы әскери қызметшілер үшін әзірлеген азық-түлік паегінің нормасы заманауи талаптарға сәйкес келетініне қарамастан, бұл баға 2014 жылдан бастап ұлғайтылмаған, ал өткен үш жыл ішінде өнім бағалары өскен.

Қазіргі уақытта, азаматтық қызметшілерге арналған бір түскі астың ғана құны орташа алғанда 700-1000 теңгені құрайды, мектеп оқушылары түскі асының құны өңірлерге байланысты 800-ден бастап 1000 теңгеге дейінгі аралықта құбылып тұрады.

Паекті арзандату тамақтың құнарлылығын төмендетіп, соның салдары сарбаздардың дене даярлығы мен моральдық даярлығының нашарлауына әкеп соғады, сондай-ақ өнім берушілердің қызметтер көрсетуден бас тартуына әкеледі.

Жауынгерлік даярлықтың қазіргі жүктемелерінде әскери қызметшілердің энергия тұтынуы 4320-4850 килокалория құрайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша азық-түлік паегінің қажетті құны - 1225 теңге, (көбейетін болса, сол 220 теңге ғой).

Салыстырар болсақ, Ресей Федерациясы Қарулы күштерінде азық-түлік паегінің құны 1750 теңге (350 рубль).

Сондықтан әскери қызметшілерді тамақтандыру мәселесін Үкіметтің арнайы қарауы және азық-түлік паегінің құнын әзірленген құнарлылық нормаларына сәйкес келтіру бойынша қажетті шаралар қабылдауы керек деп санаймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер, Үкімет мүшелері! "Нұр Отан" партиясының сайлауалды бағдарламасында "Жалға берілетін тұрғын үй құрылысы халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын және жас отбасыларды дербес баспанамен қамтамасыз ететін прагматикалық және нақты жол" деп көрсетілген.

"Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2020 жылға дейін елімізде 1,4 миллион шаршы метр жалға берілетін тұрғын үй салыну жоспарланған. Бірақ "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заң жобасында Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында кезекте тұрған азаматтар мен жас отбасыларға арналған жалға берілетін тұрғын үй құрылысына қарастырылған қаржының көлемі мүлдем аз.

Нақты айтатын болсақ, жас отбасыларға арналған тұрғын үй құрылысына 2015 жылы 6,3 миллиард теңге жұмсалған, 2016 жылы 2,5 миллиард теңге қарастырылған, ал 2017 жылға бар-жоғы 1 миллиард теңге бөлінбек.

Кезекте тұрған әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға арналған тұрғын үй құрылысы саласында да осыған ұқсас жағдай.

Қай кезде болмасын, біз әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға жататын азаматтарымыздың, кезекте тұрғандар мен жас отбасылардың қамын ойлап, баспаналы болуына мүмкіндік жасап, оларға қолдау көрсетуді ұмытпауымыз керек. Елбасының тапсырмалары да бізден осыны талап етеді.

Қазіргі кезде жалға берілетін тұрғын үйдің көбі Астана мен Алматы қалаларында салынууда.

Осы тұрғыда әлеуметтік жағдайы нашар азаматтарымызды тұрғын үймен өңірлерде қамтамасыз етсек, бұл еліміздің шалғай аудандарын, соның ішінде еліміздің шекара аймақтарын дамытуға және халықтың көп шоғырланған аймақтарынан жас отбасыларды осы өңірлерге тартуға әсер етер еді. Яғни, жалға берілетін тұрғын үй құрылысына жоспарланған бүкіл қаражатты өңірлердегі тұрғын үй мәселесін шешуге жіберуді басымдылық ету керек.

Жалпы, осы заң жобаны қолдай отырып, алдағы уақытта аталған мәселелерге назар аударылып, шешілуіне ықпал етіледі деп сенемін.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Платонову Артуру Станиславовичу. Пожалуйста.

ПЛАТОНОВ А.С. Уважаемые коллеги, в целом я поддерживаю основные параметры проекта бюджета, вместе с тем хотел бы обратиться к руководству Министерства информации и коммуникаций, обозначив сложившиеся проблемные аспекты.

Ежегодно из республиканского бюджета выделяются средства на выполнение государственного информационного заказа в государственных и частных СМИ. На 2017-2019 годы планируется выделить около 133 миллиардов тенге. Уже в следующем году расходы будут увеличены почти на 1,5 миллиарда тенге по сравнению с текущим годом и превысят 43 миллиарда.

Столь серьезная поддержка государством информационной сферы должна давать результаты в виде широкомасштабной информированности населения о деятельности государства и реализации государственных программ. Расходы растут, но вопросы эффективности проведения информационной политики возникают у общества постоянно.

В основном СМИ справляются с поставленной задачей, однако за последний год было несколько ситуаций, которые продемонстрировали неэффективность информационной политики, на что обращал внимание Глава государства.

В 2017 и в последующие годы планируется выделение почти 1 миллиарда 600 миллионов тенге на конкурсной основе негосударственным печатным и электронным СМИ и интернет-ресурсам.

Негосударственные СМИ - важный коммуникационный канал для информирования различных групп населения о проводимой в стране социальной и экономической политике. Однако процедура конкурсов проходила формально и не была ориентирована на стимулирование конкуренции, поэтому общественность не имеет подробного представления о размере направляемых (многомиллионных) сумм. Из года в год бюджетные средства в виде так называемой дотации получают одни и те же издания. Критерии госинформзаказа, жанры публикаций, их формы давно устарели, не ориентируются на реальный качественный профиль аудитории, на современные предпочтения различных групп населения, не актуализируются общественные проблемы и темы. Тематические направления определены слишком широко и абстрактно. Например, "Освещение деятельности государственных органов", "Информационное сопровождение политики по развитию государства". Понять по таким сверхмасштабным задачам, что от них требуется, простым журналистам не всегда легко. В отношении печатных изданий, которые участвовали в конкурсе, указаны тиражи - от 10 до 50 тысяч экземпляров. Но проверяют ли реальную информацию о тираже того или иного издания?

По электронным СМИ разброс более обширный и составляет 36 направлений, среди которых такие, как "О программе "Занятость-2020", "Об истории архитектуры", "О развитии космической отрасли" и другие. Обращает на себя внимание, что планируется выпуск, как правило, одного-двух телевизионных продуктов. Возникает вопрос: "А что, данная тематика уже исчерпана и закрыта"?

Цена за единицу по всем лотам одна и та же - 180 тысяч тенге. О каких творческих подходах и разнообразии форматов можно говорить в таком случае, о какой системности и эффективности проводимой государственной политики?

Между тем, по данным Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, в 2016 году "отсутствует единая расчетная стоимость оказываемых услуг, нет методики определения стоимости произведенной продукции телеканалов". Основные условия государственных закупок для негосударственных СМИ детально не обоснованы, критерии выбора поставщиков информационных услуг определены формально. Не ясно, как определялась необходимая для госзаказа целевая аудитория, есть ли система индикаторов эффективного и целевого расходования средств? Как следствие - сомнения в механизмах должного контроля за использованием бюджетных средств.

В целом, считаю, необходимо реформирование государственного информационного заказа. За основу можно взять меры государственной поддержки СМИ, применяемые в странах-членах ОЭСР, так как нынешняя политическая ситуация, логика информационных противостояний, борьба за влияние на население в своих интересах и потоки разной информации из-за рубежа требуют своевременного, системного, четкого подхода к реали-

зации государственной информационной политики, контролю со стороны уполномоченного органа и депутатского корпуса. Спасибо.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Косареву Владиславу Борисовичу, руководителю фракции КНПК. Пожалуйста.

КОСАРЕВ В.Б. Уважаемые коллеги! Предложенный проект бюджета - это продукт кропотливой и ответственной работы не только Правительства, но и депутатов. Он всецело отвечает задачам, обозначенным Главой государства на период кризиса в программе "Нұрлы жол", и предусматривает вовлечение без малого 3 триллионов тенге из Национального фонда, почти по триллиону тенге в год. Это мы поддерживаем и одобряем, так как видим ярко выраженное стремление народа поддержать наше единство и стремление к развитию всех сторон жизни нашего общества.

Теперь сохранение мира и стабильности - дело не грядущих лет, а забота сегодняшнего дня. Мы уже не первый день слышим и видим тысячи погибших в странах, которые расположены недалеко от нашего дома. Мы понимаем, чего стоит Главе государства не только уберечь страну от втягивания в военные конфликты, но и сохранить у населения спокойную уверенность в завтрашнем дне, бюджет на это настроен. Об этом нельзя молчать, поскольку мы знаем, что все это исходит от империалистически настроенных Соединенных Штатов.

Мы давно строим нашу страну по новой модели. Не скрою, что народ страны настороженно воспринимает ссылки Правительства на состояние экономики США и международных финансовых институтов.

Читаю пояснительную записку к проекту бюджета, и становится не по себе. Цитирую: "Макроэкономическая ситуация в США в 2015 году охарактеризовалась сохранением благоприятных трендов" - и пошло, и поехало почти на целую страницу. Что, нечего сказать о своих проблемах, о своих нуждах? При чем тут Соединенные Штаты, мы бюджет в Вашингтон повезем утверждать?

